


Жазыбаев Ф.С.



# ТҮФҮР



Жазыбаев F.C.

# TYFIP

*Өлмес мұра*



Қарағанды – 2016

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5каз)-4  
Ж-18

Ж-18 Тұтыр: Өлмес мұра – Қарағанды: «Арка және К»  
ЖШС, 2016. - 142 б.

ISBN 978-9965-786-31-0

Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлының . «Тұтыр» атты  
еңбегі оқырмандарға, туыс-тугандарға, дос-жараша ұсынылған.

Сөздің иесін танып киесін білген Ғабдыманап Серікұлының жеті атаны үрпаққа жеткізу жолындағы бұл еңбекі көпке үлгі болары анық.

Жалпы туындыны тілдік, стильдік тұрғыдан алыш қарағанда сингорманизм заңына сәйкес деп айтуга толық негіз бар. Дәстүр жалғастыры мен үрпақтар сабактастығыда астарлы ойлармен қапталдаса қабысқан. Ел аузындағы аңыз-әпсаналарды да арнау өлеңдермен майын тамызып өрген, келістіріп келтірген. Қаламгер көмексі деректермен тасада жатқан дәйектерді орынды қолданған.

Түсіне білген адамға бұл кітап таптырмас қазына.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5каз)-4

ISBN 978 9965-786-31-0

© Жазыбаев F.C., 2016

Жұмбакты біреу шешер, біреу шешпес,  
Әзілді біреу кешер, біреу кешпес.  
Айтқан сөз, істеген іс ұмыттылса,  
Қағазға жазылған сөз өмір өшпес.....

- дейді Сәкен Сеифуллин.



ЖАЗЫБАЕВ ФАБДЫМАНАП СЕРИКҰЛЫ



## АВТОРДАН

Алтын бесік, үшікан ұя,  
Асыл Ана, ардақты Өке.  
Адамға осыдан қымбат  
Бар ма, бұл әлемде?!

Негізгі мақсатым әке-шешемді, маган жақын туыс адамдарды, үрім-бұтағыма таныстыру. Адамның өмірі өткен сайын, уақыт ете келе кейінгі үрпаққа тарих болып қала береді.

Сәкен Сейфуллинің «Әдебиет һәм оның бағыттары», - деген мақаласын оқыдым, сонда мынандай сөз бар: «Әкелерінің түрмисын алдарыңа суреттеп беріп, жақсылықтарынан үлгі беріп, жамандықтарынан сақтандырып, әдебиет адамды түзейді, кеінгі жас буынды тәрбиелейді, әдебиет үлгі», - дейді.

Ақын – жырау Өмірзақ Қалабаевтың «Ер Қосай» аңыз дастанында, өз басыма қатысты, өміріме сай келетін төмендегідей шумактары бар;

... Жасы үлкен жүре бермек қастарында,  
Үлкендік келер бір күн бастарыңа.  
Сіздер де үлкен болып сөз айтарсың,  
Соңынан ерген іні жастарыңа.  
Жастарым, түсінідер, ойланындар,  
Әңгіме мысал еттім астарында....

... Тындаушы болсын менің ұл – қыздарым  
Таппадым сөз асылын мұнан артық.  
Болмаса қалғаным жоқ тілді тартып.  
Көнеки, кем өлшеп артық шықсан,  
Сөзіме болар, деймін сыншы халық.  
Қырықта сөйлегенбіз қырдан асып,  
Елуде шам нұрындей сәуле шашып.  
*Алпысың үлкендіктің белгісі екен,*  
*Барады аяқ-қолым ауырласып.*

Алпыстың шығып міне, үшеуіне,  
Барамыз жетпіске де қадам басып.  
Жетпісің кәріліктің бел ортасы,  
Жүресің азды көпті араласып.  
Сексенде жақын жерді алыс көріп,  
Үйінен шыққың келмес қадам басып.  
Сексен бес аржағында нең қалады,  
Тоқсанға келген шалдар жұр адасып?  
Не керек қызығы жоқ қайран өмір,  
Тоқсан жас не қыламыз онан асып:  
Онан да жақсы емес пе кеткеніміз  
Балдармен күш барында амандастып.  
*Окысын Өмірзак деп сонда балдар,  
Кітаптің өзім жазған бетін ашып.*

Міне, менде әке – шешем, туган – туыстарымның  
оміріндегі кейбір сәттері, жақсылықтары кейінгі  
үрпаққа «өнеге» болсын, - деген мақсатта осы енбегімді  
окырманға ұсынып отырмын!

Бұл кітап Алғы сөзде жазылғандай, өзім шексіз  
нір тұтып құрметтейтін жан-ұямның қолдауымен  
жарық көріп отыр.

## АЛФЫ СӨЗ

Жазыбаев Ғабдыманап Серікұлы яғни Қабатай ағамыздың жазған «Тұғыр» кітабынан өз басым мол мағұлмат алдым. Себебі мен де осы еңбекте жазылған ата-бабаларымыздың бір перзенті боламын. Соңдықтан мен үшін ата-әжелерімнің гибыратқа толы ғұмырын білу міндет әрі абырой. Осы еңбектен ойыма түйіп санама салмақтағаным төмөндегідей болды.

Біріншіден; Алпыс екі тамырыңды қуалай акқан қан өз тегінде болған соң, өз жүртүң дегенде ст жүргегінің елжіреп, бір бүйрекінің бұрып тұратыны заңдылық. Бала кезімізде руың кім деп сұрағандарға «Төленгіт» деп жауап беретінбіз. Кейін әкеміздің үйретуімен «Сіргелі» деп атап жүрдік. «Ұлы жұз» үрпағымыз дегенде тіптен кеудені мақтапыш сезімі кернегені де рас. Бірак бұл ру қайдан шыққандығын, тарихын тәтіпштеп сұрамадық. Соңдықтан бұл кітап санамдағы сан сауалдың шешімін тауып берді. Яғни мен енді қандай батыр бабаларыммен мақтанатынымды білемін, олардың еліне сіңірген қалытқысыз еңбегі мен ерлігін насиҳаттайтын боламын.

Екіншіден; Жер басып жүрген адам атаулының бәрі бұл дүниеде ата-анасының алдында шексіз қарыздар. Өмірдің ащысында туғызында бір адамдай басынан еткерген Қабатай аға сол екі асылының алдында басын иеді. Кітапта жылдармен жағаласқан заманың сан қылы тұсында Серік ағамыз бен Тишибала әжеміз өмірдің ыстығына бірге күйіп, сүйғына бірге тоңғанын байқаймыз. Бастьысы балаларын білімге баулып, еңбекті суюге үйрету тәрбиелерінің тағылымы теренде жатыр. Сол ниеттерінің жемісінен болар бүтінде үрім-бұтағы әрқайсысы бір-бір қауым ел болып отыр, қазақты көргің келсе дәл осылар деп көрсетуге әбден лайық өулиет.

Үшіншіден; Бұл еңбекте ағамыз Арқаның сіргелілерінің бәріне жеке-жеке тоқталып қамтуға

тырысышты. Бұл ағаларымыз жайлы сырттай естіп жүргенімізбен ол кіслердің атқарған қызметін, сыртқы сымбатымен мінездеріндегі ерекшеліктерінен хабарсыз едік. Енді біздің аталарымыз қандай сибігімен абырайлы, қандай қызықтарымен құрметті болғандығын жақсы билетін боламыз. Тіпті туындыда фотосуреттердің орын алуы ұтымды шешім болғап скен. Сондықтан автордың жазған Шет ауданындағы шежірелі жылдар жылнамасы оқырманды ерекше қызықтырады деп ойлаймын!

Төртіншіден; Түйіткілі жоқ тірліктің болмайтыны тәрізді өкінішсіз өмір болады ма? Жан жақындарын жоғалтқандагы автордың ішкі толғанысы мені срекшіс тебірентті. Әсіреле сол асылдарына бір уыс топырақ сала алмаганда ағамыз қанаты қырқылған қырапашың күйін кешкен екен. Бірақ қолына қалам алғып өзін жыр жолдарымен жұбатқан. Дегенмен етпен бауыр сзілін жұдырықтай жүрек жан азабынан жапа шеккес де «Батырдың бүгінгі ұриғы» Кабатай ағамыз биік рухы мен өр мінез танытқанын байқайсыз.

Бесіншіден; Кітап негізгі діттеген мақсатына жеткен туынды деп ойлаймын! Сіргелі руының үрпақтары жастана оқыса, көп мағұлмат алатынына сенім білдіремін. Кез-келген ортада шыққан тегінің тарихын сұраса қызармай мақтана да шаттана да айтып бере аласыздар дегім келеді. Ата-әжелеріміздің аңызға айналардай қызықты да мағыналы оқиғалары, куанышкы әрі қыншылыққа толы естеліктері, жара-сымды өзілдері, сөз тапқырлықтары мен шешендіктерін де осы кітаптан оқи аласыздар! Туындаған аға буын өкілдерінің бойына білім құмарлық, діни сауаттылық, батырлық, мәдениттілік, парасаттылық, сүбекқорлық салтанат құрғанын билетін боласыздар.

Кітап авторы Жазыбаев Фабдыманап Серікұлы қылыш-қылыш заманының қатпар-қатпар қыншылығын женіл абырайдың биігіне өз туын желбірете білген

азамат. Жазылган туындыны оқи келе автордан тек тіліктің төресін көресің, әрі ол кісіге деген құрмет арта түседі екен. Өзінің перзенттері әрі іні-қарындастары үшін осындағы тағылымы мол еңбек жазғаны үшін айттар алғысымыз шексіз! Қолына қалам алып, өткенді ой елегінен өткізіп, негізгі деректерді жинастырып, бір арнаға топтастыру оңай жұмыс емес. Тұсіне білген адамға бұл кітап таптырмас қазына.

Сондықтан Қабатай аға сіздің шаңырағыңызды мәуелі бәйтерекке ұқсатуға болады. Тамыры теренде кеткен ағаштың жапырағы жайқалып тұр қазір. Сондықтан бізден сізге тілек ордалы отбасыңыз бақыттың базарында Алланың назарында болсын! Сізді шексіз шір тұтып құрметтейтін, балалрыңыз, немерелеріңіз тұған-туыс достарыңыз және халқыңыз үшін аман болыңыз! Осындағы тағылымды туындылар жалғасын күтеміз!

Ізгі тілекпен;  
Ақажанова Гүлбакша Беркінқызы.  
Облыстық «Қазақстан-Қараганды»  
телеарнасының редакторы,  
Облыстың үздік журналистерге  
арналған «Алтын сұңқар»  
сыйлығының иегері.

## Ізгі тілек

Тарих қойнауында тұнып жатқан ата-баба аманаты мен ақылмандығын жас үрпақтың санасына мөрдей басып, құлағына қорғасындей құю адамзат баласының перзенттік парызы. Ал сырлы шежірені тәптіштеп тарамдап, кітап қылыш жинақтап жарыққа шығару нағыз азаматтықтың, көрегендіктің белгісі. Ғабдыманап ағамыздың майдай алды еңбегіне зер салып оқысаңыз бауырмалдықтың жарқын үлгісі козге оттай басылады. Жалпы туындыны тілдік, стильдік түрғыдан алып қарағанда сингорманизм заңына сәйкес деңгейде айтуға толық негіз бар. Дәстүр жалғастығы мен үрпақтар сабактастығыда астарлы ойлармен қашталдаса қабысқан. Ел аузындағы аңыз-әпсаналарды да арнау өлеңдермен майын тамызып өрген, келістіріп келтірген. Қаламгер көмескі деректермен тасада жатқан дәйектерді орынды қолданған. Артында өшісс онеге-өлмес мұра қалдыրған ата-тегінің тағымы мен танымын парасатты пайыммен жан-жақты безбейдеуіде автордың ізгілікті ізденісінің меҳнатты жемісі. Таңбалы тылсым тарихтың сарғайған беттерінде тұнып жатқан Ер Жидебайдың ескірмейтін срліктеріде бағзы пәлсапалармен тек жымдастып емес шешендік өнердің қазаки колоритімен тереңінен тамыр тартып тоғысып, тоқайласқан. Жыр-дастандырдан алынған үзінділердегі түйдек-түйдек тағымға толы тіркестеріде алаш елінің бөрі болмысын, мәрт мінезін кең пейілін қысқа қайырмай ашып көрсете білген. Сөздің иесін танып киесін білген Ғабдыманап Серікұлының жеті атаны үрпаққа жеткізу жолындағы бұл еңбегі көпке үлгі боларына сенімім кәміл. Кешегі көненің көзін көрген, жақсы қасиетін бойына сінірген азаматтың кітапына бірауыздан жоғары баға беруге әбден лайықты. Авторға шығармашылық мол табыстар тілеймін.

Жанбота Рахметуллаұлы  
КР Журналисттер Одағының мүшесі .

Жазыбаев Фабдыманап Серікұлының «Тұғыр» атты  
ғұмырнамалық-шежіре кітапына  
ПІКІР

F.C.Жазыбаевтың «Тұғыр» кітапы автор сөзі, алғы сөзді қоса есептегендеге он үш бөлімнен тұрады. Фотосуреттер, тірек-сызбалар, қосымшалар берілген. Автордың өзіне қарасты, дұрыс деп есептеген мәліметтерді енгізген.

Тәуелсіздік алғалы бері, тарих ғылыминың әдебиетпен үштасатын осы бір популистік саласы қарқынды дамып келеді. Осы түрпартғағы еңбектер жазылуы тиіс. Ертеден қазақ халқында, шежірелік жолмен ДАТ (далалық ауызша тарихнама) қазақ халқына тән дерек, тарих ретінде дамып, кейін орыс, қытай, еуропалық т.б. ғалымдардың жазуымен бүгінгі күнге жетті. «Жазуға сенген жаңылشاқ» деп қараган қазақ халқы, көшпелі өмір салтына сәйкес ауызша тарихтың жүйеге келтіріп, үрпақтан үрпаққа мұра етіп қалдырды.

Осы тұрғыдан F.C.Жазыбаевтың кітапы ауыз екетаралған дерек әнгімелерді, кейінгі уақыттағы құжаттық деректермен үштастыра білген.

Ертеден қан тазалығын сактаудың бір жоль шежіре тарату болғаны белгілі. Қазақ хандары қабылдаған зандық құжаттарда «жеті атадан аспай қызы алыспауға» тыйым салынған болатын. Үрпақ тәрбие сіне түбегейлі қарай білген үлт өкілі ретінде, өз тегін, жүртyn ғалымдардың деген мақсатта, баланың тілі шыға бастаған кезеңнен бастап жеті атасын жаттатып, өмірлік есте қаларлықтай қамтамасыз етіп отырды. Сондықтан, ұсынылып отырған еңбектің маңызы сонда, келешек үрпаққа, бір өулеттің тарихын білдіру.

Бүгінде көпшілік арасында «қазақтар рудан құралады» деген жақсы пікір таралып жүр, бұл да ете орынды ұстаным. «Қазақ жүзге бөлінеді», «қазақ руга бөлінеді» деп өзара іріткі салған пікірлерден бойымыз-

ды алшак ұстаган абзал. Егер сол айтқандай трайбализм, жершілдік деңдеген халық болсақ, қазақтың үргінде егемен елдің титулды ұлты болуы мүмкін емес еді. Осы қазақтың қазақтығын арттыратын «Тұғыр» секілді еңбектер.

Жалпы «Тұғыр» еңбегінің тілі жатық, оқуға қолайлы, мазмұнды. Қарапайым оқырманға түсінікті ғілде жазылған. Басталғаннан ак, бір әuletтің шежіресін тарата отырып, туған туыстары арасындағы туыстықты қамтамасыз ете отырып, келешек үрпаққа отбасы тарихын таныстыруды мақсат еткен. Күнделікті өмірдегі болған оқиғаларды естеліктермен ұштасыра отырып, өз түйгені мен көргенін ұсынған. Сонымен қатар, өз ортасының тұлғалары кітапта штальш өткендіктен, өздері жайлы естелік деректерді оку қызықты болары сөзсіз.

Шежіре қазаққа ғана тән қандас туыстық қарым-қатынасты анықтайтын, үрпақтан үрпаққа жетіп отырған дерек, құжат, әрбір рудың төлкүжаты. Автор өз шежіресін тарата отырып, әuletтің ташымал адамдарының өмірбаянына тоқталған. Өз әuletтің қашық халқының этногенезі арақатысында қарастырған. Еңбекте, өз үрпақтарының оқитынын ескере отырып, ғылғені артық болмас деп есептей, хандар шежіресін де беріп кеткен.

Сонымен қатар, автор өз қаламынан шыққан түшінділіларды (өлең, жырлар) ұсынған. Өлеңдердің сарыны да тәрбиемен, негізгі автордың осы еңбектегі жалғудағы мақсатымен ұштасып отыр.

Жалпы, Жазыбаев F.C. «Тұғыр» атты еңбегі оқырмандарға, туыс-туғандарға, дос-жарандарға ұсынылған жөнде өз оқырманын табады деген пікірдемін.

Бәдеев Қ.Т.

«Е.Л. Бокстов атындағы ҚарМУ» - дың ага оқытушысы.

## ФАБЕКЕҢЕ

Жансың-ау мол пішілген тұснігің,  
Қашанда тап-түйнақтай ісі мығым.  
Тұрасың кімді болсын ішке тартып,  
Сезілер әр сөзінен кіслігің.

Мейрімгс толы ай қабағың,  
**Жүргегің қайрымды байқаганым.**  
Алдында көпшіліктің мақтанышпен,  
Ұялмай «агатай» деп айта аламын.

Бересің біреуге дем, біреуге арын,  
Жұбатат жабықаның жүдеу жанын.  
Шешіліп шын көңілден сыр айтатын,  
Менің де сендей ағам біреу-жарым.

Пайымдал гәп астарын, сөз парасын,  
Киналмай ретінде сөз табасың.  
Алады мені ізіне ілестіріп,  
Өмірге деген мынау көзқарасың.

Ұғасың, түсінесің ақын жанын,  
Өзіңсің сыншым әрі оқырманым.  
Маған да мерей және міндеп,  
Бағалап жырларымды отырғаның.

Қастерлі, қасиетті саналатын,  
Арқалап жүрсің елдің аманатын.  
Қасыңдан тілеулестер табылады,  
Дейтүғын шықпасыншы жаман атың.

Сөзің бар көп тыңдайтын өнегелі,  
Мақтаса – олар Сені демегені.  
«Батамен ер көгерер» - деген бар ғой,  
Азамат ел сыйлаған көгереді.

Дүйім жұрт алсын жұр нарықпенсін,  
Біргесің өлеуметпен, халықпен.  
«Ұлы той – көпшін көрген», - дейсің аға,  
Алланың бір аты гой халық деген.

Көп бүгін ұмытқандар құдайын да,  
Тәнірден саулығынды сұрайын да.  
Көл болсын көп тілсегі саған деген,  
Тіл мен сұқ, тасқа тисін лайымда!

Ақын Нұргали Қарабектепі.  
Приозерск қаласы.  
Наурыз. 2002 жыл.  
(Осы кітаптың авторына арналған).

\* \* \* \*

## АЛТАН БЕСІК

Өкемнің есімі Серік (Зекен), шешем есім Тиышбала. Өкем 1914 жылы ақ егіс уақытында дүниеге келіпті, ертеде құжаттарында 1918 жылғы болып жазылып кеткен. Ол уақытта тұра туылғағ күнін біле бермейді ғой. Серікті «Секен» - деп еркелесті керек, содан кейін лақап аты Зекен болып кетіпті.

Шешем Тиышбала 1930 жылы дүниеге келген Шешемнің руы қояншы-таңай ішінде қаременде Шешемнің әкесі Нұржан мен Нарымбек туыс болған Сол Нарымбек оқыған, өте сауатты, орысша-қазақшаға бірдей, зерек, өткір тілді, іскер адам болышты. Қызылтау болысында 22 жыл болыс болған. Кезіндегі Орджоникидзе атындағы совхоз бен Ақшоқы совхозының аумағында, қазіргі Жанғұтты ауылы, немесе Ақсу-Аюлы елді-мекені мен Қызылтауға қарағ «Ақтөбе» - деген елді-мекенінің жері болса керек 1920-1932 жылдары байларды және туыстарын кәмпескелей бастаған, Совет үкіметі орнаған кез. Белсен-ділердің құдіреті жүріп тұрған уақыт «ақ» - дегені ақ, «қара» - дегені қара. Сол кезде менің шешемнің туыстарыда кәмпескеге іліккен. 1930 жылы бір азгана тыныштық боласа керек, сол жылы шешем дүниеге келіпті. Өке - шешесі жақсы ырымға балап енді өмірімізде тыныштық болсын, - деп атын Тиышбала қойған екен. Өкемде, шешемде осы Қызылтау болысында дүниеге келген. Ол кездері Қызылтау болысы бірінші ауыл, екінші ауыл, оныншы ауыл, - деп бірнеше ауылға бөлінеді екен. Өкем 1939 жылы міндетті армия қатарына алынады, содан 1941 жылы Ұлы отан соғысына қатысып тек 1946 жылы елге оралады. Өке-шешем 1947 жылы шаңырақ көтеріпті. А纳мыз Тиышбала 10 құрсақ көтерген жан. Есімдері: Куантай – Жұбантай (егіз), Қанат, Габдыманап (Қабатай), Көмек, Сүйеухан, Орынгүл, Төлугүл, Есен-

жол, Еренжол. Куантай мен Жұбантай екеуі бір-екі айлығында шетінеп кеткен. Ал, Көмек, Сүйеухан, Орынгүл, Еренжол 2 – 3 жастарында қайтыс болды.

Қалғанымыз Қанат, Фабдыманап (Қабатай), Төлеугүл, Есенжол. Қанат 1951 жылы 1 сәуірде, Фабдыманап яғни мен 1953 жылы 25 желтоқсанда (құжатта 1954 жылы 5 қаңтар деп тұр), Төлеугүл 1961 жыл 31 мамыр, Есенжол 1964 жыл 13 ақпанда дүниеге келген.

Қанат туғанда Сәдубай,-деген туысқанымыз менің әкем «Секе сіз бір атадан жалғызызың гой, мына дүниеге келген нәресте сіздің «қанатыңыз» болсын, есімін Қанат қояйық», – деген еken. Міне, сол ұсынысты әкем құп корген. Әкей өзі бір атадан жағыз болғаниан кейін ырымшыл болдыма, менің есімінді Тұрсана деген әкемізге қойдырыпты. Ол кісі менің әкеммен шәбере. Құллі Шет ауданына беделді, сыйлы жан болған еken. Дініде, біліміде берік, молда болған кісі. Фибыратты ғұмырындағы ол кісінің талай еңбектері жайлы біраз қалам тербегенмін, сәтін салса тағыда жазармын. Сол кісі менің атымды кітаптан қарап қойған еken. Менен кейін дүниеге келген Көмек, Сүйеухан, Орынгүлдер 2-3 жастарыда қайтыс болған, - деп жоғарыда жаздым гой, содан кейін дүниеге Төлеугүл келді. Құдай берген көршілеріміздің бірі, Тәжен деген әйел «Алдында шетінеген балаларыңыздың орны төленді гой», - деп менің әке-шешеме Төлеугүл қояйық, - деп өтініш қылған еken, сол өтінішті әке-шешеміз қабыл алыпты. Есенжол дүниеге келгендеге, шешемнің бауры Аманай нағашым міндетті өскер қатарында еді, сол кісі елге аман-есен оралсын, - деп Есенжол қойған әкем.

**Қанаттан:** Алмагүл, Сайран, Назгүл,  
Арайлан.

**Фабдыманаптан:** Таңсөule, Сапар, Гұлзада.

**Төлеугүлден:** Әсет, Шыңғыс,

Еркебұлан (жиендер).

**Есенжолдан:** Айнұр, Ақшанұр, Айдархан.

Міне, аталған немерелерін ата-анамыз көріп тойлап, немерелерінің есімдерін өздері қойып, қылықтарын бірге қызықтаап, өмірден өтті. Өке-шешемі: қайтыс болғанда немерелерінің естері кіріп қалған Біракта, біздің немерелеріміз, біздің әке-шешелерімі: қандай адамдар болғанын біле бермейді ғой. Өке шешелері біз сияқты жеткізе алмас. Сол себептен де бізге деген ардақты адамдардың өмірінің бір сәтте рін, құдай берген немерелерімізге, ата-анамың ше берелеріне және одан кейінгі үрпақтарына жазып жеткізіп кетуді шамам келгенше мойныма алдым.

Жазайын дегенинің бәрі бір уақытта ойға кел бермейді және кейбір ойлар келіп түрганда уақы жетпей қалады. Сондықтан алға қойған мақсатты ілгері – кейінді жаза берем.



Әкем және анам. 1956 жыл



Анам, Қанат, Әкем және мен.  
1962 жыл.



Анам, Есенжол, Төлеугүл, Әкем,  
Рахима (жиен), Қанат және мен. 1967жыл.



Анам, немересі Тансөule, Жұмакұл (құдашасы),  
Әсемгүл келіні жене немересі Назгүл.  
1981 жыл.



Анам және немерелері Ақшанұр, Гүлзада.  
1991 жыл.



Анам және немерелері Таңсәуле, Сапар.

\* \* \* \* \*

Ең әүелі кімнен тарайтынымызды жаза кетейін:

Ұлы жұз (Ақ арыс) – Кейкі би – Тәбе би – Майқы  
би – Бақтияр – Ойсын – Әлімхан – Арыстан батыр –  
Бораш батыр – Сіргелі (Құбасай-17ата) – Ақсыйқ –  
Озімбай – Таңатар – Батыр (Алыбай) – Есназар –  
Шорман – Бөрі батыр – Дорыс (Айбалталы Долбағай) –  
Шобан – Тоғас – Жантай – Жазыбай – Серік (Зекен) - :  
(Қанат, Фабдыманап/Қабатай, Төлеугұл, Есенжол).

\* \* \* \* \*

Біздің әке – шешеміз 49 жыл бірге шаңырақ құрды. Шешем 1996 жылы мамыр айында, ал әкем 2002 жылы қоқтемінде, екеуіде онкологиялық аурудан қайтыс болды. Яғни, шешем 66 жасында, әкем 88 жасында өмірден өтті. Өмірлерінің негізі Нұраталды совхозында, қазіргі Қошқарбай елді-мекенінде өтті. Қарағандыдан тас жолмен Алматыға қарай жүргенде 90 шақырым жерде. Біздің бәріміз сол Нұраталдыда дүниеге келдік. Немерелерінен Алмагұл мен Таңсөүледе Нұраталдыда туған.

Әкеміздің үйғарымымен қайтыс болғанда шешемізді, содан кейін әкемізді сол Нұраталды совхозының Ақсу бөлімшесінің жерінде, тұра тас жолдың бойындағы оқшау тұрған бейттердің қатарына жерледік. Жарықтықтардың ақ тілеуі шығар, біздерде, басқада билетін ел-жүрт, мұсылман қауым, жол бойымен өтіп бара жатып, «Аллахуакбар», - деп қол жайып өтеді. Әке – шешеміз Нұраталдыда 1947 – 1987 жылдары тұрды. Мен, 1987 жылы Шет ауданының орталығында, Ақсу-Аюлы жерінде үй салдырдым да, сонда әке-шешемді көшіріп алдырдым. Себебі біздер қызмет бабымен жанжақта болдықта, Нұраталдыда екеуі ғана қалған еді. Ол уақытта өздері зейнеткерлік жаста еді. Дегенмен, әке-шешемнің 40 жыл тұрған жері, аудан басына көшіп келген мен Нұраталдыға кеткісі келіп тұратын. Себебі әкем ол жерде 40 жылға жуық мектепте мұғалім болды, біздер дүниеге келдік. Туған – туыс, көрші-қолаң, оқушылары, достары, замандастары, бәрі ол кіслерге «ыстық» көрінетін. Өмірлерінің қызығы да шылжығы да өткен жерлерін үнемі аңсал тұратынды.

Аудан орталығы мен екі арасы 35 шақырым ғана жер болғаны абырой болды. Ата-анам жиі барып сағыныштарын басып тұрды. Ел – жүрт болғаннан кейін тойда болады, қазада болады. Таныс-білістерден хабар келсе, ешқайсысынан тыс қалған емес.

Ауданға шаруасымен келген Нұраталдылықтар шылқының бір-біріне деген бауырмалдығы жайлы мен, -Менің Нұраталдым» - деген кітабімде толығырақ жазып едім. Мен, ол кезде Шет ауданында тұтынушылар қогамының бастығы қызметінде болдым. Шешеміз қонақ келгенде барын дастарханға салатын, қолы шынық, елге бергенді жақсы көріп отыратын. Сондықтан да дастарханы бір жиналмайтын. Жұмыстары мен концертенгі автобуспен аудан басына келген Нұраталдылықтар, немесе басқа жақтан келген таныс – жеке жақтар әуелі біздікіне соғып, бір шәй ішіп, кейбірі үстеніп, немесе қона жатып шаруаларын бітіріп қийтатын. Үйге келген кісілерге әке – шешеміз мәз болып қуанып қалатын. Маған марқұм анам, «әбдірем арақ – шарап, шәй – жемім тұрсын, шошалам да қонаққа асатын етім тұрсын, «қонақ» - деген болжауыз, түнде ме? Әлде құндіз келе ме? мен қайдан білемін, мен қайда жүгіріп жүрремін», - деуші еді. Әрине мен анамның айтқанын скі етпей орындаіттынмын. Жақын-жұықтардың өлік-тіріктеріне барғанда, маған Қабкен «анаған тай берейік, мынаған тана, не қой аттайық, атымыз барғой, ұят қой», - деп отыратын. Әрине бұл шаруаның көбісі біз қызмет істеген уақытта. Негізі әке-шешелерім жоқшылықты көріп өскен адамдар.

Әкемде марқұм үйімізде той-думан болып жатқан да, «ішілмеген, желінбеген тамақ қалмасын», - деп отыратын. Қонақтардың ұлkenі болсын, жасы болсын еркін отырсын, ішіп – жесін деген мақсаты болар. Әкеміз әзіл-қалжынды жақсы көретін. Әке – шешеміздің скеуіде тойларымызда ән айтқанды ұнатушы еді. Әкеміз өзі жақсы көріп айтатын «Қызжібек» операсынан Шегенің ариясын әрбір жақсы жиында бастап көсетін. Мондолинdede жақсы ойнаушы еді. Негізі мондолинде ойнайтын адамдар аз. Екеуіде әнді


нақышына келтіріп орындастын. Сол кісілердің қодауы шығар ағам Қанатта, інім Есенжолда домбыра ның құлағында еркін ойынап, әнді де шырқататыш Әке-шешеміздің тәрбиесі ме, әлде пейіліне мс, бізде балалары еш уақытта ата-анамызды ренжіткен жоғыныз, - деп ойлаймын. Біздер, бір бұзакылық жасау немесе әке-шешемізге қарсы келіп, қарсы сөз айтқа емеспіз. Біздер, балалары үйде де, жүзде де үлгі болдық, - деп ойлаймын.

Әкем өмір бойы орта мектепте «математик» және «физика» пәннің мұғалімі болды. Әке көрген с жонар, шеше көрген тон пішер, - демекші әкені қанымен ананың сүтімен дарыған болар ұлы – ғұлам болып өспесекте, өз ортамызда сыйлы болып өсті қазірде солаймыз, - деп ойлаймын. Бізге қарап, біздің де балаларымыз дұрыс жолмен келе жатқандай.

\* \* \* \* \*

Әкем екі-үш жасында әкеден, сегіз жасында шешеден жетім қалған екен. Ағайын – жек-жаттарды есігінде өсіпті. Жетімдікпен – жокшылықтың тауқымын тін кәдімгідей тартқан. Оның үстіне 1920 – 1932 жылдар жалпы қазақ халқы үшін ауыр кезең екені таристаң белгілі. 1930 – 1932 жылдары Қазақ халқының жартсына жуығы аштықтан өліп, не шет елге же аударып кеткен заман. Кейінде әкем Спасскіде (Карғандыдан 40 шақырым жер) балалар үйінде тәрбиелі ніп ФЗУ-де, Қарағандының кен техникумында оқыдеге 1935 жылдары Көкшетаудағы педагогикалық түседегі Шет ауданына мұғалім болып келеді. Со кездегі Шет ауданындағы дипломы бар алғашқы мұғалідердің бірі болған екен. Ол жылдары бүкіл Шет бойынша техникум бітірген 3-4 адам болса кере! Ауылдың бастауыш мектептерін де жеті кластық білімен мұғалім бола береді екен. Жалпы хат танитында санаулығана болған.

Ал, 1939 жылы өскерге алынады. Сол жылдары ишқа жақты білмеймін, осы Шет ауданынан қазақ жігіттері көп шақырылған. Олай дейтін себебім, әкемнің замандастары, өзіміздің ағайындарымызбен бірге түскен суреттері өлі күнге дейін бізде сақтаулы.



Әкем 1939 жыл



Суретте: екінші қатар, солдан онға қарай Мұқажан, Пәни, Серік(Зекен). 1939 жыл.



Кезекті 9 мамыр мейрамында, өкем ортада.

Мысалға туыстарымыз Пәни, Мұқажан, Нагым және тағы басқалары. Сол өскерде жүрген кезде 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталады да, өкеміз елге 1946 жылы соғыс аяқталғаннан бір жыл кейін елге оралады. Өкемізге жогарғы қолбасшы И.В.Сталиннің коль қойылған алғыс хаты әлі де сактаулы. Бұдан бөлең «Отан соғысы орденінің» иегері тәрізді кезінде алған бірнеше медальдары да бар. Шешемізге 1947 жылы үйленеді де, Нұраталды совхозынданы мектепке мұғалім болып келеді. Нұраталды сохозында ғуслі бастауыш мектеп, одан жеті жылдық, кейін сегіз жылдық 1965 жылы орта аралас (қазаша және орысша) мектеп болып ашылды. Өкеміз сол мектентің ғуслі бастау іргесін қалаған ағашқы үстаздардың бірі. Сол білік ордасынан зейнеткерлікке шықты. Қараша отырса өкемізден дәріс алған Нұраталды да оқесі, баласы немересі (үш үрпак) жиі кездесетті. 1960 жылдардың аяғына қарай Қарағанды педагогикалық институтының (қазіргі КарМУ) физика математика факультетін сырттай түсіп, оны да ойдағынан бітірді.

Өте еңбеккор адам болатын. 1948 жылы жаяулап жүріп шымнан үй салған. Соғыстан кейінгі жылдар, ел сөзін жаңа жиынп жатқан уақыт болғанына қарамастан 1963-1964 жылдары саман кірпіштен құйып, кірпіш үйі салу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні анық. Ол кезде, ағам Қанат екеуміздің есіміз кіріп қалған, шілдем Қанат 5-6 сыныпта, мен 3-4 сыныпта оқымын. Оқемнің бар көмекшісі а남 мен ағам болатын. Жогарыда айттым той, институтты сырттай оқып отірді деп. Сырттай оқу дегенде ол кездері оңай шируа болмайтын. Күндізгі бөлімде (іштей) оқитын-шірмен бірдей талап қойылатын. Оның үстіне жогарғы шілдемді физик-математик болу, қажымайтын-талмайтын еңбекті қажет ететіні айтпасада түсінікті. Бұдан болек мектепте сабак беріп, қосымша үй салып, мал шында өзінің мойнында. Кейде шаршағанда, «сурапыл соғыстан-қалың оттың ортасынан, аман-есен келдік той, жақсылық игілік үшін тер төкен ештеңе етпейді, шілдестің де зейнеті болды», -дейтін. Күнделікті беретін ғанағына да тыңғылықты дайындалып баратынды. Мен оқем болған соң мақтап отырган жокпын, тек коріншімді жазып отырмын. Ол кездері электр жарығы үшін болгілі уақыттарда ғана берілді. Сонда екі май шілдемді жағып қойып түнімен сабакқа дайындалатын.

Бірде, мектепке тосыннан аудандық және облыс-тық оқу бөлімінен инспекторлар келеді. Мектеп басшылары бақылаушыларды менің өкемнің сабакына күйістырыпты. Өкем еш қысылмаса керек, күнде ғанағында жаңа сабакқа дайындалып келіп жүрген топтама той, өкемнің дәріс беруі әдісіне ешкім мін қоял-майтын скен. Ашық сабакқа қатысқан инспекторлар «жаксы» деген баға берілті. Облыстан жіберілген коми-сияның мақсаты ауылдағы мұғалімдердің оқу-шындарға қандай деңгейде білім беріп жатқандығын таптаудау екен. Олардың риза болғандығы соншалықтың көлкіншіліктерінде өкілдер өкемді жогарғы үкімет награда-

сына ұсынуды жөн деп шешім қабылдапты. Оның үстіне Ұлы Отан соғысына қатысқан адам және коммунист. Сонымен әкем ең жоғарғы награда «Ленин орденіне ұсынылады. Пенде болғансон әр ортада қызғаныш, көреалмаушылық болады гой, міне сондаң көрніс мұғалімдер арасында да кездесіп қалатын Сондай құйтырқы әрекет әкеме де жасалыпты. Кейін береміз деген «Ленин» орденінің орнына, облыстық оқыбаттың маңындағы әрекетінен берумен шектелді. Мен өзім шет жағасын білемін, бірақ оны жазып қайтейін керегі жоқта шығар. Оның үстіне біз жақсы адам болып өстік, кейінгі үрпақтары сендер жақсы болып өсіп келесіндер, соның өзі «Алланың» берген маралаттың шығар. «Ең бастысы адамгершілік қасиетті жоғалтпау - дейтін әкем. Себебі менің асқартаяым үшін білімдің шәкірт басты жетістік дейтін.

Негізі нашар ұстаз болмайды, шәкіртердің қабілеттіне де байланысты гой. Әркім шамасы келгенші оқиды. Ең бастысы дұрыс азamat болып ержетуі. Қырық жылда қаншама еңбек ардагерлерін тәрбислеу шығарды, жоғарғы білім алыш әрсалада қызметтегендегі қаншама? Өзінің макттан тұтатын окушыларының бірі Наукенов Оспан еді. Ол кісі Карагандының мұғалідер институтының физика-математика факультеттін өте жақсы бітіріп, Нұраталды орта мектебіндегі оқу ісінің менгерушісі және физика-математика пәнінен сабак берді. Мен де Оспан ұстаздан сабак алдым Оскен ғамызың өзінің ұстазы менің әкем мен бірге бірнеше жыл қызметтес болды. Оскен ғамызыздың мектеп окушылары алдында беделі зор болды. Біздің әкеміз макттан тұтып отыратын. Оскенде Нұраталды мектебінде 40 жылдан астам еңбек етіп, құрметтегі демалысқа шықты. Екінші бір окушысы Хасеноғ Аманкелді де, Караганды мемлекеттік университетінің физика - математика факультеттін бітіріп, әкей мен бірге Нұраталды орта мектебін де бірәз жылдар сабак

шүрді. Осындаш шәкіртерінің біразы, өз үшқан ұяла-  
риша ұстаз болып қайтып келіш жатқандары бар.

Қарағанды медицина институтын ойдағыздай  
шілтіріп, Қарағанды қаласында ұзак жылдар еңбек етіп,  
құрметті демалысқа шыққан, әкейдің окушыларының  
шірі Макимова Нәсіп Терлікбайқызы «Ол кіслердің  
ибақ беру тәсілі ерекше еді», - деп әкейді жиі есіне  
нұлып отырады.

Әкемнің әжептігөүір діни сауты да бар еді. Жас  
кезінде ауыл молласынан оқыған болса керсек. Тұрсанға  
әкем «Зекеннің білімі жақсы», - деп отыратын. Жалғыз  
ол кісі емес, басқада діни білімі бар талай адамнан  
сөтідім. Бейт басына барған да, озі «дүға» оқитын.  
Өмірінің соңғы кезінде намазға жығылып, бес уақыт  
жібермей оқып жүрді. Моллалардан дін туралы кейбір  
түсініксіз мәслелердің шешуіш сұрап отыратын.

\* \* \* \* \*

Қай ауылдың баласы болсын сцбскке ерте  
праласады. Біз үй шаруасы болсын, сыртқы шаруаны  
 болсын талғамай тындыра беретінбіз. Бір шаруаларды  
 әкемізбен бірге жасап жүргенде, әкеміз бізге жас  
 болсақта, әр жұмысты қалай жасау керсін үйрете  
 жүретін. Реті келген жерде математикадан – физика-  
 ғылымдан, қазақтың нақыл-мәтел сөздеріненде мысал  
 келтіріп қоятын. Сонда кейбір шаруа бізге мектептегі  
 корнекті құрал сияқты болып көрінетін. Кейде шешем  
 марқұм балалардың миын қатырдың ғой, - деп  
 кейійтін. Ол кезде әкем, білгені өзіне жақсы, істегені  
 өзіне жақсы, - деп мәз болатын. Әр шаруаны ат үсте  
 емес, үқыпты істелгенін жақсы көретін. «Бүгінгі жоспар-  
 лиған жұмысты ертенге қалырма», - дейтінді. Бізде  
 ынталық кез, ойнап кетіп, талсырылған шаруаны  
 ортсөнде жасармыз, - деп қол сілтейтінбіз. Сонда әкем  
 орынша мақалдаш «Кончай дело, гуляй смело», - деп  
 қоятын. Өз басым өмірде бүгін істелетін шаруаны  
 ертенге қалдырмау кекрек екеніне талай көзім жетті.

Біргана мысал. Ауылда жаздай маддың тезегі кептіреді де, күзде қораға кіргізіп, қыстай отқа жағы шығады. Сондай бір сэтте, күздің күні мектепте оқы жүрген кезде, демалыс күні жаңағы кепкен тезек қораға кіргізіндер, - деп тапсырма берілді. Алайда ойын баласы біз күн жылыңда балалардың жаздан кейін басы қосылған кезі, доп құгымыз келеді де, келесі демалыста кіргіземіз дейтінбіз. Ал, келесі аптада күйі болғандықтан кейде жаңбыр, кейде қар жауы кетеді де, жаңағы тезектер су болыш қалады. Біз сондай гана, әкеміздің дұрыс айтқандығын түсінеміз.

Бізге әке - шешеміз үрші, қол жұмсаған емес Эрине зекитін, үрысатын кездері болатын, ондағы ашудың өзі көпке бармайтын. Кобінесе ақылғын мысал етіп айтатын. Өмірімде бір-ақ рет, әкем аға екеумізді бір шыбықпен үрганы бар. Ол былай болды Жогарыда айтылғандай әксміз екі үй салды. Сол скін ші үйді салып жатқан уақытта болған оқиға. Күздің күнгі уақыт, сұық болса түсіп кеседі, үй болса толығы біткен жоқ, опын үстіне мектепте сабак басталған кезеңінде. Біздің сабагымыз, әкеміздің жұмысы басталған уақыт. Үйдің жұмысы бастан асып жатыр, ол шаруалардың әкемізге көмектесіп, мектептен келгеннен кейін жән демалыс күндері жасаймыз, Яғни үй ішін сылау еденін салу тәрізді тірліктер ғой. Оның үстіне қойдың кезегі, - деген болады. Жиырма – отыз үй бірігіп, қолдарындағы қой-ешкісін кезек пен, күніне бір үй бағатын. Ал, кешке әр үй, өз қой-ешкісін бөліп алады. Әр үйдің балалары, кешке жақын қойдың алдынан шығады. Біз мұны үткімді пайдаланып ойнап қалу үшін үйден ертерек шығамыз. Бірде ағам екеуміз ойынның кызы мен қойды да бөліп алмағанбыз, ойнап жүре бергенбіз, үйде шаруа жасап жатқан әкеме біздің көмегіміз керек болған. Екіге бөлініп алып, балалар әр үйдің қорасына тығызып атыспақ ойнағамыз ғой. Түннің біраз уақыты болыш қалыпты, қолында шыбы-

ы бар әкем, ағам екесумізді тауыш алып, үйге алдына алып келді де, бір уақытга ағама мені арқалатты да камбасымнан мені бір салып жіберді шыбықпен, одан кейін маған ағамды арқалатты да, оны да жамбастан ір салып жіберді, одан араша түскен шешейді де шыбықпен бір салып жіберді. Шешем байғұс «соңың-шан ерген екесуіп көп көрдің бе?» - дегенде әкемнің қоя қойғаны бар. Шынында әкем жастайынан жетім қалған бір атадан жалғыз еді, бірге туған спікімі қалған, ең жақын ағайындардың озі шобере болып слетін. Шешемнің жаңағы созінен кейіп әкем шыбылын жерге тастай салды. Ағам Қанат туғанды, Сәдулай, - деген ағайынымыздың, Секе сіз бір атадан жалғызсыз ғой, балаңыздың атын Қанат қойыңыз озініз-шің «қанатыңыз» болсын, - дегенін жоғарыда айттым. Шешем марқұм «балаларды алыш баурым Әскербайға кестем», - дес жүр (Нагашымның аты Әскербай сі). Бір шықытта бәрішің ашуы басылды. Бізде шыны мен шешеміз кетіп қала ма, - дес қорқын жүрміз, сойтсек үзге көрсеткен қыры екен. Кейінде бәріміз үй болғанда, өткенді еске алыш әкеміз де, бізде күліп қоятынбыз.

Шешенің тәрбиесінің ерекшелігі сонда, біз артық кетсек әкелерің үрсады, әкелерің ренжиidlі дес, отыратын, өмірінде алдарынан кессе – көлдепең өткен адамдар емеспіз.

\* \* \* \* \*

Әр адамға есім бергенде, жас нәрестеге ат көндың өзі бір үлкен жауапкершілік. Үлкендердің көйіган атын, адам ұнасын, ұнамасын өмір бойы шімен алыш жүреді. Адамның өз атын өзі шығаруы шілде байланысты. Аттастардың өмірде іс-қимылдары ір түрлі бола береді, біреуі бұзакы болады, біреуі ғұнас, біреуі ақын, біреуі балуан тағы сол сияқты.

Мен жоғарыда төртеуміздің есіміміз қалай қойылған шынын жазып кеттім. Енді жазбай кеткен бауырлар-

дың есімін айтып кетейін. Куантай – Жұбантай деге апаларымызды әке шешелеріміз қуансын және жұба сын,-деп қойылған екен. Менен кейін Көмек деге бауырымды, бізге көмекші болсын дегендери, ал Сүйе ханды, бізге сүйеу болсын дегендери. Біракта, ада баласының тілеуі ылғида орындала бермейді. Көмек имен, Сүйеуханның орнына келді деп, қарындастымыңды Орынкүл қойған скен, олда алдындағы агаларын дай 2-3 жасында қайтыс болды. Еренжолды, Есенжоға үқсатып «ерен» болсын деп қойылған еді, олд өмірден жастай кетті. Өттіп жатқан өмір, сендер білсі деп жазып отырмын. Сендерде бір реті келген дс еск алсандар, бір аунал түсіп жатар жарықтықтар.

Біз әкемізді «Көке», шешемізді «Төте» деп ости «Көке» деген созді арқада сирек пайдалаңады, негі онтустікте агаларын «көке» дейді. Өзімізге өте үнайде ауылдағы бірәз ағайын туыстардың балалары да «Көке» дейтін. Менің қызыым Гүлзаданы да агалар Таңсәуле мен Сапардың балалары «Көке» дейді. Ата қазақ қыздарын «қонақ бала», «жат жүрттық» - дегенін бе, әйтеуір өте қатты сыйлайды, еркелетеді. Әкі шешем Төлеугүл қызы бала болғаннан соң ба, әлде алдындағы балалар шетіней бергеннен кейін бе, әйтеуі Төлеугүлді сүмдік еркелетті. Тіпті алдынан қақпаган соншалық, өзінің айтқанын орындағанша ағам екеу мізге күн көрсетпейтін. Бірде әкем Төлеугүл қарында сымды жетектеп көшеге шығыпты. Төлеугүлдің ең кіріп қалған кезі болса керек. Әкеміздің бір таныс қарсы кездесіп амандастып жөн сұрасыпты. Амандақан да мал жанның амандығын сұрайды ғой. Сейті тұрып жаңағы кісі неше балаң бар, - деген екен. Әке үш жаман, бір жақсым бар, - депті. Есі кіріп қалға Төлеугүл, екі ағам мен баурым жаман екен, жақсысі мен екенмін, - деп мақтанып журді. Бізде ортамыздың жалғызымызды колымыздан келгенше еркелетуге тырыстық. Бұлда әке- шешениң тағылымды тәрбие шығар.



Айнүрдың 30 жасқа келген тойында (ағайындар).



Кемелденнің(немере) мектепке баруы.  
Өсел, Раушан, Қанат және Кемелден.



Арайлан және Сайран балаларымен демалып  
отырған кездері.



Солдан онға: Раушан, Қанат (отырған),  
Айжан, Сайран, Төлеугүл.



Қанаттың балалары және  
немерелерімен демалып отырған бір сәті.  
Сол жақта түрегеп тұрған күйеу бала Амангелді.



Олжатай мен Төлеугұлдің балалары,  
келіндері және немерелері.



Қанат және Раушан немерелерімен.



Немереміздің ең үлкені Алмагұл (оң жақта)  
қызы Айымгұл.



Есенжол және Мейрамгүл немерелерімен.  
2015 жыл.



Солдан оңға қарай Ақшанұр,  
Айдар, Айнұр.



Айдардың үйлену сәтінен.



Әкем, мен, анам.



Анам және мен 1978 ж.

Әкемнің зейнетке шыққаннан кейінгі естеліктөрін, қол жазбаларын кейінде бөлек басып шығармайтын бар, әзірге бір-екі естелігін («*Нұраталдының мектебі*» және «*Қар тұнек-дүрбелең жылдарда*», - деп атапты), өмірде көрген ауыртпалығын, өз сөзімен (жазу тусініксіздеу болған соң, сексен жастан асқан кезде жазғаны) көшіріп жазып отырмын және анама – бала ларына шығарған өлеңін өз қалпында түсіргенді же көрдім.

### **«Нұраталды мектебі»**

*Нұраталды мектебі 1930 жылдан бастап же жылдық мектеп болды деп айту қысынга келмейді.*

«Қазіргі орта мектеп 1927жылы жеті жылды болып атанды. Олай дейтінім: Осы жылы Қызылтај Қотырды өрт алып, оның маңында отырған біздің ауылдық шабындық жері жанып кетті. Сол ауылд (қыстал) отырған бізге туыс Тұрсана, - деген кіс Қазақтың Ысқағы, - дейтін ақсақалдың Тәжібай, дегеннің қызын алған. Сол жақындық пен Тұрссеке атасының қасына қыстамакқа көшіп келді. Мен Келгенбай, - деген Тұрсекеңнің бұрынғы женгеде алған әйелінен туған, екеуміз осы Тұрсекен үйінде еді. Содан күз болды. Кошқарбай аулынан 7 жылды мектеп ашылыпты, балаларды қабылдап жатыр, - деген хабар келді. Ол кезде «Қазақ ауылы», «Кошқарбай ауылы», - дейді. Ауыл арасы оншақты шақырым. Келгенбай екеуміз өгізге мінгесіп барсақ, мектепте қабыл дау емтиханы басталып жатыр екен. Екеуміз де кірдік екеумізді де 2-классқа қабылдады. Өйткені бұрында саужайда оқып қара танитынбыз. Сөйтіп 2-ші классты оқыған 7-і жылдықтың алғашқы окушыларының бір мен едім. Сол жылдары алғашқы мұғалімдердің бір жаңылmasам Омаш Уақасов, - деген болу керек. Рұл керней, математик. Мәуи ұлы Нұрғали, Құлпейсо Шәйкен, Менісов Нұржан, бұлар 4-ші класста оқыды.

шілгені бұрын ауылдың мектебіне де оқыған болу көрк. Мәбиев Нұргали кейінде Нұраталды мектебінде директор болды, Менисов Нұржан Қарғанды қаласында да ішкі істер бөлімінің бастығы болды», - деп жазады.

(Ескерту: Мәбиев Нұргалидың баласы Қарғанды ғылыми дәнсаулық департаментінде басшылық қызметті, ал Менисов Нұржанның немесі Менисов Мадияр Қайсарұлы Қарғанды қаласының ішкі істер басқармасында басшылық қызметтө).

«Ал, мектептің салу жайына қослек: масаткері Сипахов Рахымбай, - деген кісі болған. Руы жайықбай шілінде «нияз» болады. Рахымбай жетім қалып, жетім атынан Қарқаралыға оқуға туседі. Қарқаралыңда мұгалімдер техникумын бітіріш, сонда мұғалім болып тұрады да, бір ногай қызына үйленіш, соңда тұрақтаныш қыладады. Математик – беделді мұғалім болған, бірден «Қаратаяқ» атанады.

Рахымбай «қоянши-таңай да» бірінші агартушы. Ол кісі еліне, ауыл-аймағына сауатын ашу, білім беруді мақсат етеді. Жазда демалысқа келгенде, ауыл-ауыл да ғлемдесіп, амандақта жүрген де, бірінде Кошқарбай ауында болғанда, осы Кошқарбай елдің орталығы, - жетендей осы елді-мекенге жеті жылдық мектеп салуғы ұсынады. Ел, бұл ұсынысты қабыл алып іргесін көпіруді өз мойындарына алады, ал Рахымбай басқа жабдықтарды Қарқаралыдан алуға көмектеседі. Сөйтіп 1927 жылы жеті жылдық мектеп болып ашылады.

Рахымбайды осы елдің бірінші агартушысы, - сөйтінім: Ол өз қаражаты, өз күшімен Талдықан (Горт) жылдық мектеп салғызды. Ол мектеп, кейін колхоз конторы болып кетті.

Ескерту. Бұл естелікке Тұрсана ақсақалды кірістіруім, менің осы мектепке қалайша қатысты болуым, ал Гілхымбай ақсақалды кірістіруім, осы мектепті салуғын есепкөр ретінде ұсынып отырмын, әрі дәлел ретінде.



Нұраталды мектебінің мұгалімдері. 1967 жыл.



Менің сыныптастарым,  
сынып жетекшіміз Көшербай Балмұханов  
және менің өкем. 1966 жыл.  
6-шы сыныпта оқимыз.

## **«Каратұнек – дүрбелең жылдарда»**

... «Мен 1931-33 жылдары «Көк өзек Спаскі» де ғұзу да окуда болдым. Соңда бір Нақып деген шайынның әйелі мен екі баласы болатын. Мен андан кітапта барып жүруші едім. Бірақ оте жүдеу-қалжау шолатын. Бір күні барсам екі бала екі жерде олі, әйел шырып жатыр, Нақыштың өзі жоқ. Менің зәрсем шынып, кейін қашыш, жатақханага келгенімде, жолдастарым мені көргенде «саған не болды» десін сұрасып жатты. Менің түрім бұзылып кетсе керек. Жүрегім аузыма тығылыш, сөйлсі алмай аздан кейін көргенімді айттым».

\* \* \* \* \*

... «Еірде Жакупов Төлеу, - деген жолдасым шырып ауруханада жатқан. Соган сүт сатып апарып түрлейін деп, Спаскінің орталығындағы шолақ базарға шырдым. Базарда оншалық нәрсе жоқ. Бірақ, бір адам жиқсы сырмақты, бір аяқ бидайға саудалап жүр. Мен түр шүйкісі сүт іздеп жүре беретін едім, алдындағы шылдар «Ойбай, ударник келіп қалды» - деп шу ете үтті. Онша болған жоқ, бір әйел баж-буж болдыда қалды. Карасам бір ер адам кім екенін білмеймін, әлгі шылдардың қолындағы күлше таба наңды жұлып алып шынып барады. Оны екінші бір ер адам, құып жетіп шекілеп жатыр.

Ал, «ударный» адам тепкенді тындал жатқан жоқ, қолындағысын апты-ғұпты асап жатыр».

\* \* \* \* \*

... «Бір күні кешкілік асқа бара жатсақ, асқана-шың алдындағы жуынды тәгілген күресін үстінде екінші адам, байқасам біреуі әйел, біздің бір ағайынның шыны, маган жеңге болып келеді, Тәжібай, - деген,

әкесінің аты Ыскак, - деген еді. Мен көрмегенсілт өті шықтым да, асханаға кірдім де, жалма-жан коже копшігімді іштім де, нанымды жүгіріп шығып, әлг әйелдің қолына ұстата салдым да, өзім зытып тұрдым. Олар таласты ма, таласқан жоқпа оғанда қараған жоқсын».

\* \* \* \* \*

... «Енді бір сүмдыш нәрсе, ФЗУ-да оқып жүрген ср балаларды, бір күні есіз үйлерді тазартуга жіберді. Үйді-үйге барып кіре бастиадық. Кейбір үйлер іші ала-коленке, сасық кіруге бата алмадық. Енді қорадағы кигіз үйдің кигізін шығармақ болдық. Ағаш бүйімдарынан ештеңе жоқ. Мұмкін оларды жағып біткін болу керек. Құрымдар ретсіз жатыр. Бірін, жиыстырып көтере беріп слік, құрымның арасынан, астыңғы жақтары жоқ, екі адамның басы домалаң ете түсті. Бастиарды көре сала, біз төрт бала бір жүр едік, бірі Жаңаарқалық Аюпов, екеуі Ақмолалық: Шақанов, Бектұрсынов дегендер, бірімізгө-біріміз сүріне-қабына сыртқа шықтық. Үнде жоқ, тунде жоқ, ен жарымыз түсіп, жатақханаға беттеп келеміз. Әлден уақытта мен, ішіміздегінің ересегі Аюпов, - еді, содан жаңағы адамдар басы қайдан, - деп сыйырлап сұрап едім. Ол бізге бірін-бірі өлтірген ғой, - дей салды. Мен «тагы өзге денелері қайды» деп едім, ол басын шайқады.

Біздер бір – бірімізге, міне сүмдыш, міне сүмдыштан басқа ештеңе айтыспадық. Бірақ, адамды, адам жеген, - деп те айта алмадық. Шынында да солай ма?, жоқ па?, бірақ бастиарды көргенім рас».

\* \* \* \* \*

... «Ал, жаппай қырғынның өз басыма тиген соққысы мынау болды: Сол Спаскіде ФЗУ-да жургенімде, бір күні «табиғат тану» сабагында ФЗУ-дың

шүкүшылары ішімізде Койлыбаев, - деген мұғалім бар, тири міз Спасскінің бергі жағында, қазіргі автобус шүретін асфальт жолдың маңында жүр едік. Ол шынытта қара жол. Қара жолмен, бір ала сиырға арба жеккен жолаушы келе жатыр. Ала сиыр көзіме оттай шыныш, сиыр жеккен арбага келсем, үлкен ағай Құрішбай баласы, әйелі және екі қарындастым Сақия, Бықия (егіз) екен. Ал, жыла-сықта. Сөйтсем бұлар Қирагандыға барып, жұмыс іздеп, одан түк шықлашып соң, елге Нұраталдыға қайтып келеді екен. Өндөрі ғұдеу, бәріде көңілсіз. Бұлар кете барды. Мен қалғым. Спасскіде Нұраталдының аялдамасы бар, соган кірекшілер келіп-кетіп жүреді. Мен келіп анда-санда, кірекшілерден ел жағдайын біліп жүрем. Тура соның тиринде Құрішбай ағай кіре айдал келген екен, кездесе кеттім. Байқасам жүрісі баяу, жүзі жүдеу. Таситын күресі ағаш па, басқа ма?, - білмеймін. Ол кісіден: үй шыныш, екі қарындастымды сұрадым. Олардың жағдайы шыша емес, өлген сиырдың жасығы, одан басқа талқадағы шамалы екенін білдірді.

Тап сол кезде, Шеттегі балалар үйіндегі балаларды Спасскіге әкелип орналастырып жатқан. Мен Бықия қарындастымды әкеп беруді өтініш, оны балалар үйінде орналастырам, - дедім. Ағай ол ұсынысымды қабылдап тири келгенде әкеп берді. Мен Бықия қарындастымды шыныштар үйіне орналадастырдым. Қарындастым жүріп шытты. Енді бір келгенінде Сақияны әкеп бер, - дедім. Оның кіші ағай Рысбай әкеп берді. Сақия жүдеу шыныш-тармыс болған. Оны да ертіп, мектеп директорына апардым. Бірақ, директор алғашқыдай емес үшін немене, әнеу күні бірін әкелдің, міне тағы әкеп шыныш, - деп қабагын шытты. Мен, елдегі жағдайды шыныш жыладым-сықтадым. Ақыры қабылдады. Енгүйін де орналастырып, көңілім жай тапқандай шыныш. Бірақ, оның керегі не? «Жау жағадан алғанда, шыныш оттектен алады», - дегендей, балаларға «сүзек» іш

ауруы індепті араласты. Бықия сүзекпен ауырды. Кунде барып тұрам. Бір күні барсам орнында жоқ. Тәрбиешіден сұрап едім, тәрбиеші мені сенекке ертіп барып, үстіне бір жонтек нәрсені жаба салған денені көрсетті. Бірін ашып қалсам қарындастым. Ал, мен не болым. Мені уататын тәрбиешіден басқа ешкім жоқ. Одан бір жұмадан кейін Сақия қарындастым іш аурумен ауырды. Оғанда барып тұрдым. Барған күннің ертеңіне барсам Сақия орнында жоқ. Дәрігерден сұрадым Ол мені бір сарайға ертіш барыш, есікті ашып жібер генде «Алла сақтасын» денем мұздай болыш, тәбемдейін шымырлап кетті. Сарайдың іші лықылдагай балалардың өлімі. Бұл жерде де, бір дәрігерден басқа ешкім жоқ.

Осыларды жазып отырганда да, іші бауырын елжіреп, аяғым басына түскендей, көзіме әлсін-әлсі жас үйірліп отырды да.

Менің бір қолымнан келгені, сол Спасскіде менің әке-шешемді көргендер: Нүрияш, тағы бір бәйбішелер бар еді. Соларға екі рет барғаным да, екі рет келіп ак жуып арулады да, ФЗУ-дағы жолдастарымды ертіп барып, қабырын қазғызып, жогарыда айтылға асфальт жолдың, Шеттен Спасскіге баражатқан дасудың сол жағы, тәбенің етегіне жерледім.

Бұл «Каратунек – дүрбелен жылдар» бір ғана менің көргендерім, бастан кешіргенім, ал мұндай жағдай, мен сияқты қашшама адамдарға, қазақ халқын запыран құстырды?».

\* \* \* \* \*

Любовь моя, моя! Ты же знаешь, что я  
сейчас тебе не могу. Я умоляю вас, дамы, помочь  
и тебе помочь.

Спасибо всем за помощь, но я не могу  
увидеть глаза Стася. Ты скажешь, что это  
также я виноват, но я не могу вынести  
того, что Стася не может вернуться.  
Помоги мне, пожалуйста, я не могу

Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Мы будем благодарны всем.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.  
Спасибо всем, кто помог нам.

26. 1867 May, 20. At the early suggestion of our friends at  
West Hill, Mr. John F. Tracy, we were invited to see Mr. George  
H. Duryea's collection of old oil-paintings. Dr. George Tracy gave us a copy  
of his "Oil-Paintings," Worcester, 1859, &c. Prof. Wm. Brewster, Dr. C. H. Peabody,  
and Mr. George Tracy, all of Boston, Dr. George Tracy's collection of old oil-paintings  
and their catalogues, etc., Boston, 1859, 1862, 1864, 1866, 1868, 1870, 1872, 1874, 1876, 1878, 1880, 1882,  
1884, 1886, 1888, 1890, 1892, 1894, 1896, 1898, 1900, 1902, 1904, 1906, 1908, 1910, 1912, 1914, 1916, 1918, 1920.

On October 10, 1948, the Board of Education of the City of New York, in accordance with the provisions of Article 10 of the State Education Law, voted to accept the application of the Board of Education of the Bronx for the transfer of the Bronx High School of Science to Bronx Park, Bronx, New York.

## Die jüdische Religion

107 Goldkoffer. Boeketten van my vaders,  
Die op deel te zijn niet meer dan  
Die wij nu die jaren al hingen en gelezen  
En die wij niet meer kunnen lezen want  
Die oorspronkelijke boeken waren verloren.  
Dus dit zijn de boeken die ik nu heb.

Meisterwerke auf Papierblättern mit großer Größe,  
Blätter mit großem Holzraster, Eisenblech,   
und Eisen mit kleinen und großen Schriftzeichen,  
Schriftzeichen, Bildern, "gemaltes Eisenblech".

He is the most popular folk singer in the country.  
He has a great collection of folk songs, yet  
he always sings them in his own style.  
He can sing almost any kind of music.  
He is a true folk artist.

Albion et la mer et l'océan est, qu'il y a plusieurs.  
D'abord, une rivière qui débouche dans le golfe de Gascogne, qui s'appelle la rivière de l'Adour, et qui se jette dans le golfe de Gascogne, et qui a pour nom le fleuve Adour.

One copy is stored secure, others will be given.  
The depositors will be expected to do the same.  
Transfers are to be made by agreement between the parties,  
Transfers shall be at the discretion of the transferor.  
Each party shall, however, be entitled  
to receive payment of his or her share of the capital.  
In case of death, the estate of the deceased depositor  
shall be entitled to receive his or her share.  
In case of transfer, the new depositor  
shall be entitled to receive his or her share.  
In case of transfer, the new depositor  
shall be entitled to receive his or her share.  
In case of transfer, the new depositor  
shall be entitled to receive his or her share.

Permit me to assure you of the best regards, Sirs,  
and to thank you for your kind words.  
With every good wish for your health and happiness,  
I remain very truly yours, & ever at your service,

Народъ ищетъ въ землѣ счастья,  
Народъ ищетъ въ землѣ спасенья.  
Съ юга идетъ на северъ, съ севера на югъ,  
Съ юга идетъ на северъ, съ севера на югъ!  
Съ юга идетъ на северъ, съ севера на югъ,  
Съ юга идетъ на северъ, съ севера на югъ!

13.000,- RUB  
Мы не можем выделить бюджетные альбомы.  
Но мы можем определить бюджет на 2012-й год.  
Надеемся на помощь, будущий год будет лучше.  
Все это будет зависеть от бюджета бюджета.  
Бюджетного бюджета, который мы хотим.  
Бюджетного бюджета, который мы хотим.

Еще вчера сидел на дне, а теперь сидит на крыше. Еле  
вылез из-под земли, был изгнан из дома, оставлен наизоле, оставлен  
в пустыне, где живет волк. Стремится к солнцу, к свету, к теплу, к счастью,  
и счастья не видит. Видит только счастье других. Но это  
все счастье, которое он не может достичь. Их счастье  
заключено в земле, в небе, в водах, в деревьях.

3. *Ridgefield, Connecticut*  
Ridgefield, Connecticut  
from your note off in the morning,  
will tell you why we were so long in  
delaying our return, till today's departure.  
Yours ever truly — Charles W. Dyer — Oct 25.





四百三

Stylized Gothic script.  
The original text is:  
"Bogoroditschne Krasnolitovna Egorovna!  
Bogoroditschne Krasnolitovna Egorovna!  
Bogoroditschne Krasnolitovna Egorovna!  
Bogoroditschne Krasnolitovna Egorovna!"

Ergebnisse der Untersuchung werden im nächsten Jahr erscheinen.  
Für die Ausarbeitung dieses Berichtes dankt das  
Ministerium der Erziehung und Kultus.

гостъ Евгений Евгеньевъ Стѣллъ № 28-195 Зем. земли съ съмнѣемъ заселены бывшими въ селѣніи земли  
какъ на юго-западѣ съ сѣверо-западной стороны въ селѣніи  
Богданъ Григорьевъ съ сѣверо-западной стороны въ селѣніи  
Богданъ Григорьевъ съ сѣверо-западной стороны въ селѣніи.

Джекиен Фарнеллена Бенаси: РАБОЧИЙ ДЕНЬ.  
 — Ахъ Боря! Странно же, что оно? —  
 Было время, когда думалось:  
 Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Странно же, что гуру и мантия вредят.

Чтобы уничтожить врагов требуются сильные магии.  
 Ты же, языческое существо, будешь сидеть.  
 Ты же, языческое существо, будешь сидеть!

Сильнейшее взыскание охоты несется,  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Сильнейшее взыскание охоты несется,  
 Чем сильнее магия, тем сильнее вредят.

Мир! Странно же, что гуру и мантия вредят,  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.

Мир! Странно же, что гуру и мантия вредят  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.

Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Чем сильнее магия, тем сильнее вредят.

Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.

Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.

Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.

Гонит магия взыскания, охоты и магии.  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии.

Гонит магия взыскания, охоты и магии!  
 Гонит магия взыскания, охоты и магии!

Дядя Пепин, а также Францисканцы, Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.  
 Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.

Сильнейшее взыскание охоты несется,

Ахъ Боря! Странно же, что гуру и мантия вредят.

四

Система

Очень жаль, что не получилось.  
Было интересно, но не получилось.  
Мы хотели провести выездные консультации.  
Но из-за непогоды не получилось.

Die ersten vier Jahre lebte er in der Stadt, wo er sich  
seine Erfahrungen, die er später als Lehrer und Prediger  
verbreitete, sammelte. Er war ein sehr guter Prediger, der  
seine Predigten mit großer Leidenschaft und Einfühlung  
ausführte.

1. *Florilegium sive Historia de rebus quae sunt et fuisse in Hispania ab antiquitate usque ad tempora nostra* (1561).  
2. *Historia de rebus Hispaniarum ab antiquitate usque ad tempora nostra* (1561).  
3. *Historia de rebus Hispaniarum ab antiquitate usque ad tempora nostra* (1561).

Былъ въ санкт-петербургѣ въ 1866 г.,  
Когда писалъ, что въ санкт-петербургѣ  
былъ въ 1866 г., то было въ санкт-петербургѣ  
въ 1866 г., то было въ санкт-петербургѣ.



\* \* \* \* \*

## НАҒАШЫЛАР

Үрім – бұтақтарым, сендерге тек әке- шешем ғағемес, сонымен қатар, әкемнің және шешемнің туыстырында жаза отырамын, ол кісілерді де сендердің бігендерің жөн.

Біздің халқымызда мақал бар «Қарның ашса, ниғашына бар», - деген. Бұл мақал тек түрмис жайында емес, жақындық-туыстық жағдайында да айтылға болар. Мен бала кезімде нағашыларымның тәрбисінде өстім. Нағашы әкемнің аты Нұржан, нағаш шешемнің аты Секер, - деген кісілер еді. Шешемнің біағасы мен бір апасы Ұлы Отан соғысында қайты болыпты. Қамила, Несілбала, - деген апалары жәр Әскербай, Аманай деген бауырлары болды. Осы ат аталған адамдар, әке-шешемнен кейінгі менің өмірің дегі ең жақын көретін туыстарым болды. Мениң өмріндегі орны бөлек адамдар. Сондықтанда туыста жайлыш жазғанда осы кісілерден бастағанды жөн көрі отырмын. Нағашы әке-шешем мені қолдарына же бала болмағандықтан 3 (үш) жасымда алған екен. Мен орта мектепті бітіргенше тегім Нұржанов болып жүрді. Мен сол кісілердің баласы болып, руымды сұраса нағашыларымның руын «қараменді» деп жүрдім. Нағашыларым менің ағамды да, бауырларымды да, бөлеміндегі де (шешемнің апаларының балалары) жақсарді. Бірақта мен дегенде жандары бөлек еді. Мүмкін мен ол кісілердің баурында өскендігім шығар.

Нағашыларымды бергі жағынан таратат кетейін:

- |             |   |
|-------------|---|
| Жетестен:   | Төлеміс, Сазанбай, Кенеубай.                    |
| Төлемістен: | Қараменді, Төлебай.                             |
| Төлебайдан: | Токпан.   |
| Токпанинан: | Сакалбай, Асубай, Тогыбай.                      |
| Асаубайдан: | Жұқа, Жиенбай, Кенжебек,<br>Мақалак, Мұлқымбек. |

<b>Жиенбайдан:</b>	Нұржан.
<b>Нұржаннан:</b>	Сыздық, Әскербай, Аманай, қыздары: Карабас, Қамила, Несіпбала, Тиынибала.
<b>Оскербайдан:</b>	Сейдолла.
<b>Аманайдан:</b>	Аманжол, Есентай.
<b>Мақалактан:</b>	Рақымжан, Есентай.
<b>Рыкымжанинан:</b>	Сәксін, Жәксін қызы Бақыт.
<b>Сокеннен:</b>	ұл жоқ, қыздары: Рымкүл, Раушан, Фатима.
<b>Жакеннен:</b>	Талгат, Батыр, қыздары: Гүльмира, Гүльзира.
<b>Талғаттан:</b>	Әлінер, қызы Айдана.
<b>Батырдан:</b>	қызы Кәмило.

Нағашы әкем Қарамендиңің ішінде төгіз үй тоқтап болады. Өздерінің шаңырақтары тоғыз үйден аспашы екен, сондықтан солай аталышты. Жоғарыда көрсетілгендей «Тоқпан» Қармендиңің інісі «Төлебайдың» баласы. Бір ескеретін жәй Тоқпанның үрпағы күйіргі уақытқа дейін тоғыз шаңырақтан асқан емес. Мүмкін аз шаңырақ болғандықтан болар, аға үрпағын ғұмсқылық кобінесе «Қараменди» атануы. Үлкендеріміз ғұмсың кеткендей нағашыларын кім, - деп сұраса «Қармендиңің» ішінде «Тоғыз үй тоқпан», деп айтамыз. Оны еңбекті жаза бастағанда айтып едім, нағашы ғұмсің туыстары кәмпескеге іліккен бай адамдар болған. Нағашы шешемнің руы «Сіргелі» (қояныны таңнай ішінде біздің әкелеріміз сыйяқты «төленгіт» атанып шектен). Яғни әкелеріміздің апалары болып келеді. «Сіргелі», «төленгіт» аталулары туралы «Менің Нұраталым», - деген кітабымда жазғам, кейінрек қайталап шығарғып жазармын.

Нағашы әкемді елдің бәрі «Бжәң» дейтін, нағашы ғұмсемді «Апа» дейтін. Үлкендер қалай атады менде ғұламай атадым. Нағашы апаларымды «Тәте» дедім де, ғұламы ағаларымды: Әскербайды «Әсөй», Аманайды

«Әнәй» дедім. Енді жазуға ыңғайлы, сіздерге түсінік болсын, мен қалай атадым өріқарай солай жазамын.

Бжәм – денелі, бойшан, акқұба, қыр мұрындың сәнді адам болатын. Өзін өте таза үстайтын, сонымен қатар жаны да таза адам еді. Оқып хат танымасад мәдениетті кісі болатын. Мен нағашы әкемнің аузы нан бір боктық жаман сөз естіген смеспін. Ең, қатты ренжігеннің өзінде «қасиетсіз», - дейтін де қоятын. Ескінің адамы болғанымен отырған жерінде, үсті-басың да, үнемі өте таза үстайтын. Сол уақыттың ксібір үлкे адамдары құсан болғанынан-түкірінбейтің. Ол кісіні білетіндердің бәрі менің сөзімді растар. Ауы адамдарының, ағайын туыстарының сыйлаганы ма нағашы әке-шешемнің аттарын атағанын естімеппің. Ел жүрттына қадірлі болғаны шыгар, - деп ойлаймын.

Ал, Апам орта бойлы, ашаң келген, қара торь бетті кісі болатын. Ауылда ешкім алдына қарса келмейтін. Себебін кейіннен білдім, менің апам бі атадан жалғыз екен, басқа ұл-қызы болмаған. (әкесінің аты Батырбек). Сондықтанда ауылдағы немере бауырлары Әбдіразак, Қали, Әбдіқалық және көрші ауылдарда тұратын немере бауырлары Әділ, Бәзіл, Пәнтағы басқа ағайын туыстардың біреуі қарсы келмейді екен. Ағайын бауырларының әйелдері, әйтеуір апа кейде ашуланып келе жатса тыңылып қалатың барлығы «Еркежан», - деп атап нақты есімін атамайдын. Мені қатты еркелетті, өз аяғымнан зыр жүгіреті мен, кейде арқасына мініп алам. Бірде мені арқала Әбіғалық баурының үйіне қарай келе жатыр еді баласы Арша велосипед теуіп жүр екен, Әбекең апам нан сөз естіп қаламба деді ме дереу велосипедте Аршаны түсірді де мені мінгізгені. Апамның көзінің Әбекең баласына велосипедті екеуіңе алғам кезек тесіп тебесін, - деді. Арша әрі баурым болып келеді әрі досым еді, сейтіп велосипедті кезектесіп табеті болдық. Апам қолмен тартатын сүт машинаға сүт тартқанда Арша екеуміз табақтарында қалған қаймағы

шоліп жейтінбіз. Ол туралы Арша біз есейін, азамат болған кезде де еске алып айтыш жүрді. Ол кезде адамдардың сыйластығы өтс жақсы болатын. Апамның бетті адам болғанымен беталды жоп-жосықсыз «ис бұзарлығы» жоқтын. Колы ашық, келген адамға ғарын беріп дастархан жайғанды жақсы коретін. Апамның ыстаган қымызы балдай, дегенді талай адамнан естідім. Жаздай құрт қайнатын, ірімілік жилятын, май шайқайтын, содан күзде жап-жақтағы апалаларына тарататын. Мен, ауыл дең отырганым Орджоникидзе атындағы соғхоздың Ақтөбе болімшесі.

Біжем 1972 жылды тамыз айында сексениен пекан шағында қайтыс болды. Мен ол кезде Қыыр шығыста Чига облысында Совет армиясы қатарында оскери міндеттімді атқарым жүргенмін.

Апам үмыттасам 1965 жылды қайтыс болды, шітуір қыс айы екенін білемін. 66 немесе 67 жасында омірден өтті. Қектасында жазылған мен тұра неше жағында, қай жылды есімде қалмасты. Тамақтан жаман шурумен сырқаттаның, біраз тосек тартын жатып омірден өтті. Апамның оміріден отуі мен үшін жас болсам да, маған деген сің аяулы адамдардан айрылымның біріншісі еді.

Нагашы апаларым да, нағашы агаларымда біздің жақсы көретін. Мен бауырларында оскениен мақтап отырган жоқпын, расында солай. Ал, менің жөнім түті белек шығар. Қайсысы болсын боле жаратыны жоқ бізді «төредей» күтетін. Менің айтып отырганым Қимила, Несілбала, Өскербай, Аманай ең жақын тұтандарым. Маған бұл кіслер әке-шешемнен артық болмаса да кем емес екенін айтқам. Үлкен нағашы шимыз Сыздық(Сарымес) Ұлы Отан соғысында қайтыс болғаш және нағашы апамыз Қараабаста Ұлы Отан соғысында «еңбек армиясына алынып Жезқазғанда шыра жұмыста жүргенде қайтыс болады. Нагашы шиммен бірге болған адамдардың айтуынша өте қарушилдам болса керек. Таңертенінен кешке дейін, ұзак-

ты күн жер қазады екен. Терлеп жүріп жаңда Жез~~ж~~ан ганың аңы, лай суынан ішеді екен. Ажалына сол себеп болды дейді.



**Бжәм және апам**



Солдан оңға қарай: Ағам Қанат,  
Өкем және нағашым Аманай.  
1970 жыл Қанатты өскерге шығарып салу кезі.



Аманай 1978 ж.

Өнөиім Совет Армиясы қатарына алышғанға дейін, біздің үйде Нұраталдыда менің әке-шешемнің торбиесінде баласындағы болып есті. Бір жерде өскен-дікі ме бізді баурындай көретін, оның ішінде Қанатты скрекше жақсы көруші еді. Мүмкін өзінен кейін кіші шуырлары болмағаннан шығар. Кейін үйленіп бөлек тұрды. Бауырынан жаман аурумен сырқаттанып бірәз ғосек тарып жатып, 1981 жылдың көктемінде 37 жасында қайтыс болды. Соңында Аманжол, Есентай атты ұлдары қалды. Бір қиналатыным, жанымға батаппап бір жәй, осы екі баласының қырыққа келгеніне үйленбей жүргендері.

Несілбала апам мені жөргегімнен арылғаннан кейінгі алаканына салып өсірген адам. Нағашы әке-шешем мені 2-3 жасында бауырларына салды, - деп мен жоғарыда жаздым, ол кезде ол кіслер Жылығөн, - деп кістауда Ақтөбе бөлімшесінің, жастары келіп шылдаға көмекші шопан еді. Ал, бас шопан Нұргали, - деп кісі нағашы аламның жолдасы болатын. Нұргали мемінән әкемнің бажасы. Яғни, Жылығөнде екі-ақ үй шылды. Үй деген аты болмаса, бір-ақ жер кепе болатын. 1960 жылдары елдің Ұлы Отан соғысынан кейін есін жиі қоймаған кезі. Жұмыскер күші жетіспейді содан

кейін жасы келген адамдарды ерқара болып жүре деп, көмекші етіп жібереді. Ол уақыт қазіргідей замемес, демалыс жоқ, отпуск деген де жоқ, сыртты ешқандай көмек жоқ, қант шайын ат шана мен бар аудан орталығынан әкеп алады да, қысы жазы қодың соңында жүргені. Жер кепенің үсті тал жабылы асты сыз, терезеде әйнек жоқ, қойдың қарнын тарты кояды. Үйді қойдың қызымен жылығатады. Суды суатты ойып әкеледі. Бар күш көліктері ат. Ол уақыттар моншага тұсу, кино-теледидар көру, радио тынди газет-журнал оқу, өні түгіл түстеріне де кірмеген шгар. Еңбектіде ешкім бағалап жатқан жоқ. Біждем б болғаны 20 теңге зейнетакызымен шықты. Оны кеймен окуға баарда киім алыш беретін, содан білдім. Апам зейнетакызы да алмапты. Үкіметке тегін еңбек еті жүре берген ғой. Соның өзінде бір бас мал шығы шығармайды. Сол кездегі қатал зан, Сталин өлгеннен кейінде күшіндегі болатын. Ел үкімет туралы, бил туралы бір ауыз сөз айтуда қорқатын. Кімнің боста босқа атылғысы-сотгалғысы келеді дейсін. Ол зама туралы басқа бір уақытта жазбақтын. Нұргали, Қамил апатайымның жолдасы Қасым және менің әкем үшетуган бажа. Кімдер тату десе, бажа тату дейді ғой үшеші сондай тату болды. Өзілдері, қалжындары жарысып тұратын. Біраз уақыт көріспесе бірін-бірі ізде отыратын. Сырттан бірінің мәртебесін бірі асыры жүретін. Міне мен сол Жылығөндегі екі үйдің ортасында өстім. Несіпбала апам бала көтермеген адам. Бжән Апам, Нұрекен, Несіпбала апатайым төртеуінің ортасында жалғыз мен болғандықтан мені ермек қылада еркелетеді, жасаған әр қылышымды қызықтайды. Несіпбала апатайым ете таза адам болатын, үйінен бікіршік көрмессіз, тамақ сақтауы да ерекше болаты (ет, сарымай, қайнатқан күрт, т.б), және қала өзірлейді десенізші. Ағаларым да, бауырларым да келіндеріде ол кісіні көрді, менің жазғанымды растағ Негізі мен кім туралы жазсам да жалған жаз

алмаймын және ондай ойымда да жоқ, себебі мен білген адамдарды басқа адамдарда біледі. Ал қате кеткен жерлері болса жазғым келмейді деп басында айтқам, оның қажеті не, келеңшек жақсының жақсысынан үлгі аду керек. Менің жөргөгімнен кейін Несілбала апатаімның қолында болуым мәнісі осылай.

Қамила апатаім туралы жазатын болсам жеке бір кітап жазуыма да болар, бірақ бұл жерде қысқа тоқталайын. Орта бойлы, арықша келген, қыр мұрынды, аққұба адам болатын. Мен 1979 жылы үйлендім, ал 1980 жылы Караганды Кооперативтік институтын бітіріп Шет ауданына тұтынушылар қоғамына жұмыс істеуге бардым. Аудан басында сол үйде тұрдым. Бір жылдан кейін мен бітірген институтты Әсемқұлде бітірді де ексумізде жаңа үйленген кезіміз сол үйде тұрдық. Ол кезде құрылыш баяу жүретін, үй алу өте қыын болатын. Бір жақсысы Үкімет әйтеуір ертелі-кеш бір тегін үй береді. Мен, апатаімның үйінде торт жыл тұрдым. Қоңіл сыйса бәрі сыйады деген, оның үстінс апатаімның кең пейілдігі шығар, үш бөлмелі үйде он үш жан тұрдық. Апатаімның жолдасы жогарыда айтқан әкемнің бажасы Қаскең (Қасым) кенже қыздары Гүлназира үшке келгеңде 1966 жылы қайтыс болыпты. Біз үйленген жылдары менің бөлем Шәйкенде үйленген. Нагашым Әсәйдің үш баласы сол үйде жатып мектепте оқиды. Бөлелерім Назгул, Нәзира, Гүлнәзира бар, не керек бәрімізді санағанда он үш адам боламыз. Қыстың күні үш бөлмелі үйдің бір бөлмесінде Шәйкендер, екінші бөлмесінде біз, ал ортаңғы бөлмеде тамақ ішіп болғаннан кейін Апатаім бәрін жан-жағына алып үйиқтайды. Бір ыңғылышыз бәріміздің басымыз кешке қосылады, ал тә-шертең жан-жакқа жұмысқа кетеміз. Бір қызық өмір ғуди. Апатаім мені туған баласы Шәйкеннен артық көрмese кем көрген жоқ. Кейін бөлек тұрганда аз шықыт көрмese жылап көрісетін. Өзуелі ұрсатын, одан кейін бетімізден сүйіп жылайтын, содан кейін барын

салып дастархан жаятын. Жоқтың жомарты еді. Біл бөлек отау болып шыққанда екі сиыры бар еді соның бірін сауып ішіндер,- деп болмай бізге берді. Тағы біл жәйт көп жыл өткеннен кейін мен жұмысты болған уақытта тағыда екі сиырының бірін сойып менің үй беріп жіберіпті, Қабатайым таңақ істеп апары беріндер деп. Маған ықыласының кеткені болар жаңырықтықтың. Өзі жомарт адамға мал көп бітпейді. Ондай жомарттыққа, болып толып отырган жақындарында бара бермейтін шығар. Біздің іргелі үй болыңдың кызымет істегенімізді көрді, балаларымыздың қуанышының ортасында болды, шілдеханасында, үйлену тойлаурында да үнемі біздің қасымыздан табылды. Біздің апатайымның жылда келетін жана жылын, сегізінші наурызын ұмытпай арнайы құтықтап отыратынбыз. Күдайдың бергені шығар ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, шөбере сүйіп, шөпшек көріп 95 жасында өмірден өтті. Сүйегінің асылдығы сонша тоқсаннан асқанша үй шаруасынан қалған адам емес. Шешем маркүй айтып отыратын, апатайым 13-14 жасынан колхоздың жұмысында болды, өгіз жегіп сокамен жер жыртты, шөбін шапты, ылғый таңыңды атысы-күннің батысы істегені қара жұмыс еді, бейнетті көп көрді, - деп. Мұмкін сол бейнеттің зейнеті шығар ұзак жасаганы. Бөлелерімізді бөліп жаратын ешқайсысы жоқ, бәрімен бөл емес бірге туган бауырдаймыз. Қызығымызды-реніші мізде бірге, бұл ұлкендердің бізге беріп кеткен тәрбиесі.

Мен, Совет армиясы қатарында жүргенде 1973 жылы нағашы әкем қайтыс болды деп жоғарыда жаздым, одан кейін мен бұл ортада болмаған уақыттыңда Әсеним, немере нағашым Жәкен және Қамила апатайым қайтыс болды, бұл кісілермен кешу алыса алмадым, топырақ сала алмадым, өмірімдегі ең қыныңда - өкінішті жәй, кейде өзегімді өртейді, мұнша тағдырға не жаздым екен, - деп ойлаймын. Апатайым қаза болғанын естіп, жете алмай зарыққандағы бір сәтім:



Нагашы апам Қамила немересі  
Еркебұлан 1981 жыл.

**Апама**  
(Нагашы апам Қамилага)

Жетті хабар,  
«Апаң, о дүниелік болды» дең!  
Тұра алмадым,  
Тұла бойым дірідеп!  
Тәлкегіне тағдырдың мойымасамда,  
Бұдан асқан ауыр жаза маған барма?  
Нагашы әкем Нұржан етті өмірден,  
Әскерде болдым, топырақ салмадым.  
Мына әлемге сонда мен түнергем.  
Әсәйім мен Жәкен де кете барды,  
Тағдыр маған тағы да сынын салды.  
Нагашы апам да арамыздан алыстады.  
Тағы да маған деген темір тор,  
Кешу алыш, топырақ салғызбады.  
Бір мен үшін жанын қиятын  
Нагашыларым,  
Тағдырдың жазуы неге осылай?  
Түсіне алмадым?!

Ерекше еді-ау асыл апатайым,  
Тұғанындаі мені жақсы көретін.  
Шыбын – жанын қолға ұстап,  
Амандығымды тілең жүретін.

Алыстан аңсан келгенде.

Барын маған беретін,  
Күшақ- жая қарсы алғып,  
Мейірімін шексіз төгетін.

Ыстық еді-ау, шіркін ықыласы,  
Ондайды сөзінбес тұған баласы.

Күтті-ау аңсан апатайым,  
«Бір көрсем» - дең Қабатайын!

Кетті – ау, апатайым өмірдең,  
Үш күн салып араға.

Қоштаса алмай,  
Босан шылқап менімен.

Не дейіш қатал тағдырга?

Бұдан артық жаза бар ма?

«Ботам дегізбей, Алам дегіз» деуші сді.  
Апатайым, жылайым да, қаламда!

(15.01.2015жыл)



Солдан оңға қарай нағашым Өскербай, Өкем,  
атам Төлеуқадыр. 1994 жыл, қонақта.

Әсөйім 1940 жылы өмірге келіпті. Шешемнің ағасы Сыздық (Сарымес), - деген кісі 1939 жылы менің әкем сияқты міндетті әскерге шақырылып Совет Армиясы қатарында болады, ал содан 1941 жылы Ұлы отан соғысы басталады. Міне сол соғыстан қайтпайды, қаза болады. Сол нағашы ағамыз аман-есен елге оралсын, - деп тілеу қылып Әсөйімнің атын Әскербай, 1943 жылы туған Әнәйімді, аман-есен келсіп, - деп Аманай қойған екен. Әсөйім жастайынаң еңбекке ерте араласыпты. 16-17 жасынан Орджоникидзэ сохозының жылқысын бақты. Кейін денсаулығына байланысты ауысыш, сол совхоздың ірі қара малын бақты. Сол еңбегімнің зейнетке шықты. Ақжарқын, адам баласына зияны жоқ адаптация еді. Біз оқығанда да, үйленгенде де қолындағы бар малын жұмсал әке-ішешмелігे көмкесті. Барлық жисандерін өзінсі тіреу-сүйеу санаитын. Сол кісінің ықыласына қарай біздер жиендері, тегіс ол кісіні жақсы көрдік. Ешқайсымыз көңіліне кірбің түсірмәдік дең анық айталағыши. Біздер үйлесіп, шанырак көтеріп, балалы болған уақыттарымыздың қапдай куапышта болды айтып жеткізе алмасын. Нағашы ағаларым өте аккөніл, адамға зияны жоқ, жәй еңбектің адамдары еді. Балалары да өте жуас болыш ости. Бұл кіслер қайтыс болғанда, Ақтөбеге жерленіп бейтін жиендері біздер көтердік. Біздіңде ол кіслерге деген сыйластығымыз, ыстық ықыласымыз шығар. Нағашы женгеміз Тілеукеште (Әсөйімнің жолдасы) алтын адам. Бізде ол кісіні қатты сыйлаймыз. Нағашыларымыздың руы «Қараменді» екенін жоғарыда айтып едім. (Нітеуір «Қараменді» дең бір адам көрсем, танитындағы болса қалжындассам ойын көтеретін, сыйласағып). Өздеріде мен бірдене айтса екен,-деп тартылып үраратын, сөз түсінетін, ықыластары түзу адамдар.

Менде, қолымнан келгенше нағашыларымды мақтап тұтып, жүрген ортамда шашбауын көтеріп жүремін.

Өмірзак Қалабаевтың «Алаңқай батыр» дастанынан бір шумағы есіме түседі:

... Қош болыңдар нағашым,  
Бәрін қалып баrasын.  
Жақсы жиен жол қылар  
Деген бар ауыл арасын.  
Жаман жиен шаң қылар  
Куалап күлін – танасын  
Бұрынғының мысалы,  
Қараши сөздің данасын.

Міне, осы шумактағыдай, нағашыларымның батырларын да, ақындарын да, зияллыларын да, жаны жайсан адамдарын жүрген ортамда айта жүрем.

Нағашыларым да, Нарманбет, - деген болыста, Хасен, - деген айтулы ақында болған. Шет ауданының үлкендері жақсы біледі. Мен «Менің Нұраталдым» деген кітабымда аздап жазып кеткем. Сол жазғанымды қайталап кетсем артық болмас.

Касен нағашым орта бойлы, аққұба, ашаң келген сәнді адам болатын. Мен қартайған шағында, бала кезімде көрдім. Менің шешем «Кәкиім» дейтін. Байларды кәмпескелеу кезінде, болыстың баласы ретінде он жылға сотталып кете барған. Ақталыш келгеннен кейін де соңында, андушы тыңшылар, көреалмайтын белсенділер, жансыздар көп болған. Соңдықтан да «балаларымызға кесірі тип кетер», - деп аса көслітіп ештеңе жаза алмаған. Қай ақынның болсын бір ауыз сөзін, бір сыншы шекпенін теріс айналдырып жазып жіберсе, баратын жеріне кете барады ғой.

Жоғарыда жазғанымдай, нағашым ақталыш келгеннен кейін де, белсенділер маза бермеген соң, Ақтогай ауданына көшіп кетілті. Содан дақпырт басылғаннан кейін Ақсу-Аюлыға көшіп келіпті. Жалғыз ұлы Орынды «болыс болған әкесі Нарымбектің атына жаздырмай, үлкен әкесі Бодықтың атына жаздыруы да содан», - деп шешелеріміз айтып отыратын.

Сол Орынның ертеден қазактай болып кеткен, отбасымен тегіс қазақша сейлейтін, бұрында Ақшоқыда тұрған, кейінде Шег аудандық коммунистік партия комитетінде қызмет атқарған Сафуанов Евстафидің қызы Людага үйленуіне нағашымның қарсы болмауда, содан-ау деймін. Люда жеңгеміз заты орыс демесеніз, ақжарқын, кілпісейіл, қонақжайлы, ұлken-кішіні сыйлай білестін, қазақ қызының барлық дәстүрін сақтай алатын, қазақшага жетік, нағашымның шаңырағының коркі болып шыға келді. Бір сөзben айтқанда түрі болек болғанымен тілегі бір жан. Қазақша өлеңді қалай айтады десенізші. Орын нағашым көп жылдар Жана-арқа ауданының «ПМК»-сында бастық болды.

Үйлеріне реті келгенде еркелеп барғанда, маған Люда жеңгем Мариям Жагор қызының «Дударай» олеңін есіме салады. Өзім өлең айтпасам да, қазақ әндерін тыңдағанды жақсы корем. Людадан туган қызы қазақта тұрмысқа шықты, бір ұлы Ташкенттегі мұсылман институтын бітіріп Атасуда имам болды.

1992 жылы КСРО журналистер одагының мүшесі Тыныштық (Есен) Орынбековтың құрастыруымен акын – Қасым Сырымбетұлының туғанына – 90 жылдығына арналып жинақ шықты. Тыныштық Орынбеков жинақтың кіріспе сөзінде былай,-деп жазады. Халық ішінде жез таңдай әнші, от ауызды шешен, дауылпаз жыршы, ақпа акындар көп болған.

... Өсіреле аудан жұртшылығы Қасым Сырымбетұлы мен Қасен Бодықұлының айтысқанын жақсы біледі. Екеуі де сөз маржаның жетік білетін майталмандар, - деп жазылған.

Жазушы Жайық Бектұров акын Қасым Сырымбетұлы туралы жазғанында: «Осы күнгі Қарағанды, Жезқазған, Семей облыстарының қазіргі және бұрынғы Егіндібұлақ, Қарқаралы, Шыңғыстау-Абай, Абырағы, Коңырат-Ақтогай, Шег, Ақадыр, Шұбартау, Жана-арқа, Ұлытау, Нұра аудандары аймақтарының арғы

көнерек көзді айтпаганда бергі Ұлы Абайдан, Шәкес рімнен бастап көркем сөз маржанының кең алқабы болды. Осы үлкен өңірде Жанақ, Нарманбет, Мәди, Соқырқақпан, Тоқа, Шашубай, Ахметбек, Қожабай, Төлеу, Дия, Мұхамет-ғали, Доскей, Жолдекей, Қайып, Ілияс, Жәкен, Нияз, Маясар, Болман, Хасен, Көшеш және өзге де көптеген ақындар әрқайсысы арттарына әр дәрежеде өзіндік әдеби мұра, рухани із қалдырының деп жазады. Әрі қарай .... Ақын Қасым ақсақал езді төнірегіндегі арғы-бергі көп ақындардың, бұлардың ішінде әйгілі Дия қажынын, берідегі Бодықтың Хасенің ің өлеңдерін көп біледі екен, - дейді.

Төлеген ағам естелігінде «Жергілікті ақын Бодықов Хасеннің өлеңдерін әкем көп дәріптеген адам, әсіресе «Сарыарқа» деген өлеңін:

Ой, Сарыарқа, менің осіп, туған жерім,  
Мекендең шөптің басын буған жерім.

Жақ тартып, жалғыз шиден, жалаң аяқ  
Козы-лақ жар жагалап қуған жерім.

деп әндетең отырушы еді.

Хасеннің ақындық талантын, әсіресе, бір әріптен басталатын сөздерден өлең құрастыру қабілетін әкем ерекше бағалаушы еді», - деп еске алады.

\* \* \* \* \*

Тағы бір ерекше атап өтетін нағашым Рақымжан, - деген кісі. Жиенбай мен Мақалақ ағайынды адам. Жиенбайдан Нұржан, Нұржаннан менің шешем және жоғарыды жазған нағашы апаларым мен нағашы ағаларым туады, ал Мақалақтан Рақаң (Ракымжан) туады. Яғни, менің шешем мен, нағашы ағаларым - апаларыммен немере. Рақаңның және ағайынды «қараменде» Тұрсынбай, Сыздық, - деген кіслердің көмпеске кезінде жергілікті «белсендердің» байдың үрпактары, - деп қудалай берген соң, сырғып Қара-

ғандыға көшіп келген жайы бар. Өмір бойы Қарағандыда тұрды. Мен ол кісіні «Агатай» дейтінмін. Мен Агатайымның (Рақан) үйінде тұрып, институтқа окуга түстім. Бұл кісі үлкен қызмет істемегенімен, көзі ашық, көкіреті ояу, сауатты, саясаттан да хабары бар, мәдениетті адам еді. Артық, бос сөзі жоқ, өте таза адам болатын. Үстінде бір кіршік болмайтын, өзіне лайыкты жарасымды – сәнді киінетін. Жүрісінің өзі сәнді, денесін тік ұстайтын. Отырган жерінде өте таза ұстайтын. Былай айтқанда: ақ сүйек, аристократ дерсің. Өз басым ол кісінің тазалығынан, журіс – тұрысынан үлгі алғынмын. Агатайима үқсауга талаптанатынмын. Мен, жогарғы оқу орнына емтихан тапсыруға барғанда, маған жанашыр болып келіп тұратын. Шет ауданында қызмет істеп жүрген (Аудандық партия комитетінде нұсқаушы, Аудандық тұтынушылар қоғамында тәраға) кезімде, қызмет істеп отырган орнымды көріп, маған айтпаса да, сыр бермесе де моз болып кететін. Мен де іштей сезетінмін. Ол кісінің Бақыт, - деген қызы, Сәкен және Жәкен, - деген ұлдары болды. Бақыт пен Сәкен ертерек, Жәкен бертінде қайтыс болды. Біз ағалы інілердей болыш сыйласып остик. Бағдат (Жәксеннің жолдасы) жеңгемізben әліде араласып тұрамыз. Куанышта, реніште біргеміз. Сондай жақсылық ниетіміз шығар, балаларымызben балалары араласып, сыйласып, бір-біріне қорған болып жүреді. Біз салған сыйластық жолы шығар. Мен де кейінгі ұрпағымның біз сияқты нағашыларыммен сыйласқанын жақсы көремін. Біздің өрісіміз емес пе? Лиаң жақсы болса, нағашыларыңың да жақсы болғаны. Адам баласының үш жұртының бірі. Сыздық, Тұрсынбай, - деген ағайынды кіслер Карагандыда молкомбинатта, Косманавтов көшесінде тұрды. Менің әкесі Сыздық, - деген кісінің үйінде жатып жүріп Карагандының пединститутын сырттай бітірді. Мен үл екі кісіні мектепте оқып жүрген кезімде көрдім,

бірақта қай уақытта қайтыс болғандары, қайда жерленгендері есімде қалмалты. Сыздық, - деген кісінің жағыз ұлы болатын, Оразалы деген. Оразалы «беларусь» қызына үйленді де, кейін Белоруссияға көшіг кетті. Тұрсынбай, - деген кісінің екі ұлы болатын әкелері қайтыс болғаннан кейін оларда Қазанға көшіг кетті, шешелері татар болатын. Олармен кейін хабарласа алмадық.

Бжәм мен немере Қыстаубай деген кісілердің баласы Қыынбек және Оңайбектер мен жақсы сыйласық. Қыынбек нағашым көп жылдар Нұраталды совхозында кассир, Оңайбек шофер болды.

Сонымен қатар, Бжәм мен немере Сәлмен деген кісінің қызы Рымыкеш апайымызben сыйлас болдық. Ол кісі бір атадан жалғыз еді, содан болар басқа нағашыларым қатты сыйлайтын, өзіде бауырмал еді. Көп жылдар аудан басында тұрды, аудандық ішкі істер бөлімінің құжат беретін бөлімінде қызмет атқарып, сол жерден зейнетке шықты.

\* \* \* \* \*

## ТҮБІР

Менің әкем бір атадан жалғыз адам болған. Ең жақын ағайындар шөбере болып келеді. Өмірде кейбір ағайындар бірге тұганымен сыйласпай қашықтасып кетеді. Білмеймін менің әке-шешем және біздер ағайындармен қатты сыйластық, әліде сыйласпыш. Сырт көзге белгілі-ау, әйтеуір Шет ауданында ел-жүргіткіштің аузында сіргелілер (төленгіттер) үйымшил, - деп айтады. Куанышта – реніште бәрі жиналып кетеді. Бір-бірімен айтысып-тартысып жатқанын естігенім жок. Ұлкендердің кейінгі үрпаққа айтып, көрсетіп кеткен ұлгілері шығар. Әйтеуір бір-бірімен кездесіп қалса «ағай», «апай»-деп сыйласып қалады. Адам баласы болғаннан кейін мүмкін бір бие сауымдық уақыт, реніштер-түсінбеушіліктер болған шығар, ал ел даурықтыратында жанжал естіген емеспін. Мен өз туыстарым, қандастарым болғансоң көтермелеп мақтап отырған жайым жок, жалпы өмір сүріп отырған оргамыздағы халқымызға жайымыз белгілі. Эрине, бізде шта-бабаларымыздан келе жатқан дәстүр, кейінгі үрпақтарымыздан да жағасын тапса екен, - деп тілейміз, сыйластығы жарасып жалғасса, нұр үстіне нұр үолар. Менің де талпынысым, мақсатым кейінгі үрпақ, штайдың-туысымның, бірлігі мен ынтымағы. Бұрынғының «ынтымақ бар жерде, елдік бар» деген сөзі бекер ғылмас.

\* \* \* \* \*

Жазушы Өбдіжәміл Нұрпейісовтың «Күткен күн» қюманында атакты Райнистің бір шумақ өлеңін жаза жеткейін, орысшадан қазақшаға аударылған:

Сгинут годы, сгинет юность,  
Канут в вечность дни за днями.  
Но народ твой – он не сгинет,  
Если встанеш за народ!

Өтеді күндер, өтеді жылдар,  
Өтеді жастық зымырап.


Өлмейді халқың, өшпейді даңқың,  
Корғай білсөң, сен бірак.

Бұл шумақты келтіріп отырган себебім, өмірге келмек бар да, кетпек бар, жастық шақта мәңгілік түрмас, бірақта қандай адам болсада шежіреде қалады, ол шежірені кейінгі үрпақ жалғастырады. Кейінгі үрпағым біле жүрсін деп «өз» сіргеліміздің (арқадағы) қолыма тиғен шежірені осы еңбегіме енгізіп отырмын.


... Осы ғасырдың жиырмасынышы жылдары (1920) бізде шежіреге қатысты алғашқы ғылыми зерттеулер дүниеге келе бастады. Бұл орайда өзі Петербург институтын бітірген темір жол инженері бола тұра, қазақ тарихы жөнінде тамаша еңбектер қалдырып кеткен Мұхамеджан Тынышбай ұлының (1879-1938ж.ж.) 1925 жылы Та什кентте басылған «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар», - деген кітабы осы мақсаттағы алғашқы іргелі талпыныс болып еді, - деп жазылады «Қазақ шежіресі» (1994ж) кітапында. Әрі қарай кітапта.... Сөзімізді қорыта келе айтарымыз, шежіре тарқату - кейбіреулер айтып жүргендей рушылдықты, жікшілдікті көрсететін қурал емес, жұрттымызды бауырмалдыққа, туысқандыққа, ағайын – жеккожағ арасындағы сыйластыққа баулығын асыл қазынаның бірі.

Осы жазылған пікірге қосылғанымыз жөн болар деп мен де ойлаймын.

**Ендеше шежіреге көз салыңыз.**  
 (Сіздердің оқыттындарыңыз қазақ, халқының, ерте гасырлардан бері түбірін жайған шежірессінің, «арқа сіргелілерінің» туыстық байланыстарын үғындыруға арналған).




## С Қ А Қ



## С М А Ф Ұ Л (Араб халқы)





## **Ә Н Н А С С А Х А Б А**




## **Ә Б І Л Х А Й Ы Р**








**Айбаталы Долбағай (Дорыс) (Бөрнің 6-баласы)**



### Жомарт (Бозайдың 2-баласы)




### Кеңесбай (Бозайдың 3-баласы)




### Төлеш (Бозайдың 4-баласы)





## Шобан (Долбагайдың 2-баласы)



**Тогас (Шобанның 2-баласы)**





### Аманжол (Шобанның 3-баласы)

Малай

Сетік

### Аманбай (Шобанның 4-баласы)

Мұса

Байділда

Нұрділда

Алпысбай

Исабай

Берік  
Төлеген  
Сәбет

Аяган

Мергенбай

Куат  
Жанат  
Мұрат

Медетхан

Жандос  
Айдос


### Тоганбай (Шобанның 5-баласы)

Ақылбек


Жолдыбек

Бейсекей

## Тұрлыбек (Шобанның 6-баласы)



## Дорыс (Айболталы Долбағай)



\* \* \* \* \*

Толеген Қасымұлының (агамыз) Шет ауданында шығатын «Сарыарқа» газетінің 19 шілде 1994 жылғы №91(5.216) санындағы жарық көрген «Сіргелілер кімдер, олар арқаға қалай келген?» - деген мақаласын толығынан ұсынсам сіздерге дүрыс болар, - деп ойладым:

Тұысқан Өзбек халқының астанасы Ташикент қаласында шығатын «Достық туы» газетінің бір санын ойда жоқта қолыма түсіріп, Жолдасбек Бұғыбайдың «Сіргелілер» деген мақаласын оқып шықтый. Мақалада тарихымыздың бір үзігі – шежіреден сыр шерткен Бұғыбай ақсақал Сіргелілердің қайдаи тараганы жөнінде толық маглұматтар келтірген екен. Бұл шежіренің бір ерекшелігі Ұлы жүз Ойсынның отыз ұлының бірі – Сіргеліден тараган Батыр атасының ұнақтары Сарыарқа жерінде 150 жылдай түтін түтетіп отырғанын айтпасада қазірі Оңтүстік Қазақстан облысының 12 ауданы тұгастай тараган Сіргелілердің тарихын ғана айтып қоймай, алауыздықтан, рушылдықтың салдарынан көрген құқайын толық баяндап бергені және ғылыми маңызы бар тұжырымдарға толы болып келетіндігінде.

Біріншіден, мені қызықтырган осы жағдай, екіншіден мен өзім де 5-атам Арқа жерін мекен еткен Сіргелінің Батыр атасынан тарайтындығым Шет ауданында ежелден өздерін Ойсын Сіргеліміз деп санайтын 80 үйдің бар екендігі өлі де көпшілікке аян емес.

Олар Арқаға қалай келді? Ауданымыздың ең шүрәйлы жері Қызылтау қорымын Сіргелілер қалай иемденді, деген саудардарға жауап беру үшін, ең адымен жоғарыда аты аталған мақалаға жүргінейік.

Жолдасбек Бұғыбайдың айтуынша Ұлы жүз Ойсыннан отыз ұл тараган. Олар шетінен балуан, жаугер, тентек мінезді, кейбіреулердің айтуынша зорлықшыл-

дау (Сарыағаштық Шойбек Қонысбайұлы өзінің шежіресінде осындай анықтамалар келтірген) болса керек. Олардың омір сүрген кезі Әбілхайыр ханның әлсіреп, Жәнібек иен Керейдің Шу бойында қазақтың жеке хандығын құруға әрекеттеген тұсы болса керек.

Ойсынның отыз ұлының бірі Бораш батыр (1456жыл) жайлауына жақын қонған хан Жәнібектің әйелдерінің отауларына барып жүріп қызының біріне көнілі ауады. Ер мінез жігіт жасқанбай хан қызына тілсін білдірдіріш, соz байласып, жиі кездесіп жүреді. Қүндердің күнінде хан қызы жүкті болып қалады. Бораштың Алпын руынан (Кіші жұз) алған әйелі де сол кезде аяғы ауыр екен. Ол Алшынның Қыдырбай, - деген белгілі байының қызы. Хан қызын сол кездегі салт-дәстүрмен цекелеп алушан басқа амалы қалмаганын бауырларына айтқан Бораш өкпелеген әйелін той откенине деп уақытша төркініне апарып тастайды.

Жәнібек хан «қараның» қызына құда түсемін дегеніне қатты ашуланады. Іздеңгенге сұрагандай ханнның бас уәзірі Жағалбайлы Қырғыйқабақ та ханның қызынша көз салып жүреді екен. Хан өзінен ақыл сұраганда қыздың жүкті екеніне хабарсыз уәзір Бораштан құтылуудың жонін айтады.

«Ойсынның отыз ұлы сізді менсіне бермейді. Олардың ықпалындағы ауылдардың жігіттері шетінен жау түсіргіш, әйелдері бала тапқыш. Өзіңіз атақты хансыз, зорлықтың отыз ұлды Ойсынға қыз ұзатып, қүйрық-бауыр жесіп, құдаласып қайбір кенелем дейсіз, одан да оларды үрім-бұтағымен күрттып алғанымыз жөн. Әйтпесе олар біртінде хан тағына таласудан да тайынбайды», - деп Жәнібек ханның қолтығына су бүркеді. «Калай құтыламыз, олармен соғысып, ел-жүртты қырып алмаймыз ба», - дейді Жәнібек.

Уәзір ішкі пікірін ашып салады. Ол үшін қызыңызды бермек болып той жасап, әр құдаға жеке отау тіккізіп құту керек. Сонан соң біртінде ертіп жүріп ор

казылған үлкен отауға апару керек те екі босағасына екі жендет қойып басын шауып ала беру керек.

Хан бұл акылды құп алыш ұлан-асыр той жасап, құдаларын шақырып, алдымен құдайдай күткізеді де соңшын қатын-балаларымен қосып қынадай қырып салады.

Адам өлімін сездірмес үшін Жәнібек той-думанды айталаң жалғастыра береді. Хан қызы осы екі ортада толгатып үл табады. Қасанты қыргыншын әлде қалай тірі қалған Ойсынның келіні алтын қайшы шебер Әзбике жаңа туган баланы асырап алады.

Ойсынның отыз ұлының қырылған жері содан Өлікті аталып кетеді. Шойбек Қопысбайұлының айтуынша бұл жер қазіргі Жамбыл облысының аумагында.

Бораш батырдың төркініне кеткен Алшин әйелде аман-есен босаныпты. Шекесі торсықтай үл табады. Оның атын Құбасай қояды.

Әкесі мен оның бауырларының қаскрайлікisen өлтірілгенін бала шешесі мен нағашы атасынан біліп оседі. Ол он екі жасқа келгенде еліне қайтқысы келетінін нағашы атасы Қыдырбайға сездіреді. Нағашының бұған қарсы бола коймайды. Бірақ басқаға тұрмысқа шығып кеткен шешесі Құбасайға срмейтінін айтады. Нағашы атасы жиенінің алдына мал салып береді. Жолда сусал қалғанда қымыз сауып ішсін дең екі-үш сауынды биені жетектетіп, олардың соңынан ерген құлыштарының мұрнын тесіп сіргелеп, (енесін жолжөнекей ембес үшін жабағы тай-құлышының тұмсығына байланған үшкір ағашты «сірге-сірке» дейді, қосакқа байлайды. Құбасай, сейтіп аман-есен еліне келіп қосылады. Баланың бақытына қарай өлгі мұрнын сіргелеген тайдың бірі жүйрік шығады. Бәйгеден көп келген жүйрікті сұрагандар. «Бұл қай ат?» дескенде: «Бұл баяғы Ойсындағы сіргелі тай фой» дейтін көрнеді.

Сол жүйріктің атағы шығып Ойсынның жалпы әулеті Сіргелі аталып кетеді. Сол Құбасайдан он екі үл

туып он екі рулы ел тараңты. Он екінің бірінің аты Батыр екен. Батыр атамыздың шөмшегі Бөріден алты ұл тұған. Кепжесі – Долғабай батыр атақты Елшібек батырға (ол да Сіргелі руынан) еріп, үш жұздің басы бірігіп Жонғарға қарсы соғыс ашиқан кезде Ақмола облысының Ерейментау жерінде ерлік көрсетіп Айбалталы деген қосымша атаққа ие болышты.

Айбалталы Долғабай елінс қайтып келе жатыш Қарқаралыдағы Бекей төресіне жолырып достасқап екен. Төрсеге де батыр керек болса керек, жас жігітті үйлесіндіріп одан тұған екі ұлды (Бозай, Шобан) өзінің екі ұлы Сыгай мен Санқайға еншілес етіп қазіргі Шет ауданына қарасты «Нұраталды» кеңшары мен Жанғұтты атындағы ұжымның аумағынан «шұрайлы» жер алыш берген екен.

Арқадагы Сіргелілердің «төренің төленгіті» аталуда осы кезден басталады. «Батыр бабамыз Арқаға қашаң келген?» деген сұраққа Сарыағаш жеріндегі туыстарымыз: «Шамамен 150 жылдай уақыт болды» деген кесім айттылады. Егер гылым әр буынға (поколенис) 28-30 жыл берстінің сскерсек менің 5-ші бабамың Сарыақаға қашаң келгенін анықтау қын емес. 28-30-ды 5-ке көбйітсөніз 140-150 жылдай уақыт болғанға үқсайды. Яғни, ұлы бабамыз Қабанбай, Бөгенбай, Ағыбайлармен үзенғілес болып шығады.

Кешегі «тексіз төлегіт» деген атаққа ие болған, Айбалталы Долғабайдың үрім-бұтағы біздер (30 адам) жақында бабамыздың кіндік қаны тамған жер Сарыағашқа туыстарымыздың арнағы шақыруымен барып қайттық. Жоғалғанымыз табылды деп ағайындар екі мың адам қатысқан үлкен той жасады. Ол өз алдына бір үлкен әнгіме.

Төлеген ағамыздың 1994 жылғы жазған мақала-сын сол қалпында түсірдім.

\* \* \* \* \*

## БАТЫР, ЖАЙДАҚ, ЖӘДІГЕР. (ру аттарының шығу тарихы)

Ойсын – Сіргелілер жеріне тұтқылдан жау шабады. Қоран қалмақтың бетін қайтару үшін Таңатарұлы Алыбай бабамыз жауга жалғыз озі қарсы шығып, соғыс ашып жатқан кезде басқа жақта жүрген інісі Толыбай ауылға келеді.

Келе сала «агам қайды» - деп Алыбайды іздейді. «Ағаң қалың жаумен согысып жатыр» деген сөзді ести асла Толыбай белбеуде байлаулы тұрған жайдак атқа қарғып мініп ұрыс майданына тұра шапқан екен.

Екеуі қалмақтарды тас-талқан етіп жеңеді де аман-есен елге оралады. Ағайынды екі батырдың ерлігіне риза болған халық Алыбайды - «Батыр», ал оның інісі Толыбайды – «Жайдак» деп атап кестеді. Өлер шақтарында Алыбай мен інісі Толыбай: «біздің ұрпактарымыз мәнгі-баки қызы алыспай отсін» деген өситет айтқан екен. Сол бабалар өситетіне берік екі рулы ел осы уақытқа дейін қызы алыспай кследі.

«Батыр-Жайдак бірге туысқан, қызы алыспаймыз» деген сөздерді Бөген, Шаян, Қазығұрт, Сарыагаш өніріндегі Сіргелілерден казірде жиі естуге болады.

Таңатардың кенжесі Қалыбай жастай қайтыс болғандықтан артында қалған жалғыз баласын Алыбай асырап өсіреді. Батыр бабамыз інісінің баласын: «інімнен қалған жәдігерім» - деп отырады екен. Қалыбайдан тарағандардың «Жәдігер» аталау себебі осы.

\* \* \* \* \*

Енді бір айта кететін жәй, арқа сіргелілерінің қалай «төленгіт» аталғандары жоғарыда жазылды. Арқада төре-төленгіт бір-біріне сіңісіп , ағайын-туыс болып кеткен. Біздің арқада да: «төре-төленгіт бір туысамыз, қызы алыспаймыз» деген жиі айтылады. Менің

жасым қазір алыс екіде, осы уақытта ата-бабала-  
рымыздан бастап осы күнге дейін төре-төленгіт құда  
болыпты, қыз алысыпты дегенді естімепбіз. Төрелердің  
жасы ұлксандерін аға-апай дейміз, жасы кішілерін іні-  
қарыdas дейміз, «төрелерде» бізben солай сыйласады.  
Ренішімізде де, куанышымызда да ежелден біргеміз.  
Ауылымыз аралас, қойымыз қоралас болған елміз.

\* \* \* \* \*

Ата-бабаларымыз туралы жазып отырганда, әке-  
леріміздің кең жайлауы есіме түсіп, балалық шақтағы  
өскен жерімізге сағыныш сезімім көніліме ұлайды.

Сондықтан болар Оразбек Бодықовтың «Ақ құс» -  
деген кітабындағы бір шумақ өлең ойыма келе береді.

... О, кең дала!  
Көз жетпестей керілген,  
Мен ұлыңмын  
Саған шексіз берілген.  
Қалай ғана  
Сүйерімді айтнақ бол,  
Қай теңеуге қияр дейсің  
Сені мен?...

Енді, әкемнің «шебере» туыстарын айтайын ол  
кіслер: Қойбағар, Тұрсанған, Нәүкен, Мұстафа, Кәрім,  
Көшербай, Серік Айтбайдың, Нармамбет, Бейсекей.

Мен бұл әкелеріміздің, ағаларымыздың атын атап  
жазып отырғаным, өздерің шежіреден қарасандар  
шатаспасын дегенім. Сонымен қатар айтарым, есте  
қалып, кейінде таратуға жеңіл болады.

Қойбағар әкеміз мен білетін уақытта «Одженни-  
кидзе» атындағы совхоздың «Ақтөбе» бөлімшесінде  
тұрды. Елдің бәрі атын атамай сыйлағаны болар «мұға-  
лім» дейтін. Менің өзім нағыз атын ес біле келе кейін-  
де білдім. Ол кісі сол Ақтөбе бөлімшесінде, бұрынырак-  
та №1 ауыл деп аталады екен, кейінректе колхоз

болып құрылған, сонда бастауыш мектепте мұғалім болған екен. Шешелеріміз сол кісіден оқып, хат танышты. Шет ауданындағы алғашқы мұғалімдердің бірі. Менің естуімше жеті класстық білімі болса керек.

Ертеде арнайы мұғалімдік білімі бар адамдар аз болған, сол себептен жеті класс білімменде үстаз бола берсе керек. Тура қай жылдары мұғалім болғанын дөп басып айта алмаймын, тек жорамалым 1932 – 1954 жылдары болса керек. Неге олай жорамалдайтыным, менің шешем 1930 жылғы, жогарыда айттым сол кісіден сабак алғанын, кейінде біздің экс-шешеміз үйленіп Нұраталдыда тұрғанда 1950 жылдардың басында Ақтөбеде бастауыш классты бітірген балаларды Нұраталдыға әрі қарай окуын жалгастыруға әкеледі екен. Ол кезде Нұраталдыда жеті жылдық мектеп болса керек.

Үлғи жетім өскен, менің әкем Серікті (Зекен), Кәрімді, Көшербайды, Айтбайдың Серігін (менің әкеммен аттас, бірақ жасы әкемнен кіші болғаннан кейін әксінің атын қоса жазып отырмын) осы кісі үйлендіріл отау шығарған адам. Өз кіндігінен Манаң, Төлсугтай, деген балалары болды. Ол кісі 1960 жылдардың аяғында қайтыс болды. Ал балалары 2000 жылдардың басында дүниеден өтті. Ақтөбедегі көп бейтке жерленген.

\* \* \* \* \*

Айбалталы Долбағай (Дорыс) – Бөрінің 6-шы баласы.

Дорыстан: Бозай , Шобан.

Бозайдан: Атымтай, Жомарт, Кенесбай, Төлеш.

Атымтайдан: Қалабай, Шүйке, Асылбек.

Қалабайдан: Тойымбек, Тойымбектен-Мұқан,  
Мұқанин-Көктай.

Көктайдан: Сәбет, Сапар, Саят.

Мұқан әкеміз менің естуімше ертеде елден көшіп Спасскіге келіп жұмыс істеген. Ал, Көктай әкемізді 2-3

... қана көрдім, ол кісі «Дубовкала» тұрды. Біздің әкей Серікпен (Зекен) замандастары қалжындары жарасып жүрестін.

Сөбет ағамыз «Құрма» құс фермасында тұрды. Оғс үшкір-өжет кісі болатын, ешкімнен тайсалмай-шын батыл адам болушы еді. Ерте қайтыс болды.

Шүйкеден: Нұрпейіс, Нұрша (Көкек), Арысбек.

Нұрпейістен: Ақажан, Үсқақ, Үсенбай, Әбсу.

Ақажаннан: Мұқажан, Зияда.

Зиядадан: Еркін, Беркін.

Еркіннен: Еркебұлан.

Беркіннен: Сұңғат, Талғат, Жарқыш.

Мұқажан әкеміз менің әкем Серікпен (Зекен) замандастары, Нағым, Пәни әкелерімізбен 1939 жылы міндегі әскерге алынып, одан 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, содан соғыс біткеннен кейін 1946 жылы елге оралыпты. Мұқажан әкеміздің негізгі өмірі Шет ауданының басында Ақсу-Аюлыда отті. Көпжылдары аудандық аурухананың шаруашылық ісінің менгерушісі болды. Қазір жасы жүзден асты.

Зияда ағамызды көргенім жоқ. Ол кісі шамамен 1950 жылдардың ортасында Шет аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған екен. Үлкендердің айтуынша, өте сауатты, ұйымдастыру қабілеті зор, келешегінен мол үміт күттірғен, сондай алғыр адам болыпты. Өкінішке орай сырқаттан, өмірден ерте өткен екен.

Үсқақтан: Нәсіпжан.

Нәсіпжаннан: Серік, Егінбай, Берік.

Нәсіпжан ағамызды мен ес білгеннен білемін. Себебі ол кісі Нұраталды сохозында тұрды. Көп жылдар совхозда өмірінің соңына дейін жұмысшылар комитетінің «төрағасы» болды. Артық мінезі жоқ, халық-сауылды болды, сол халыққа қадірі болғандығы

шығар көп жылдар жұмысшылар комитетін басқарғаны. Үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білуші еді. Менің шешем Тишибала «қайным» деп қатты ойнайтын. Ойындыда көтере білуші еді. Әкемізді мугалім дейтін. Әкінішке орай ағамыз қан қысымынан болса керек, елulerден асқан шамасында қайтыс болды.

**Нұршадан (Көкек):** Бәйізбек.

**Бәйізбектен:** Сағынбай, Иген.

**Сағынбайдан:** Құдайберген, Бекстай,  
Бауыржан.

**Игеннен:** Жетшісбай.

Бәйізбек әкемізді Нұраталдыда ес білген уақыттан білсемін. Орта бойлы, ашаң келген, әдемілең сақалмұрт қойған кісі болатын. Намаз оқыды, молдалығыда болды. Аздап өлең шығарса керек. Себебі бір жай есімде қалыпты. Бұл 1960 жылдардың басында болған оқиға. Біз Нұраталдыда «тау асты» дійді, Нұраталдының алғашқы салынған жағын, сол жақта Шипанбай деген кіслермен көрші болдық. Шипанбайдың қолында балдызы Сағымбай (жездеміз) болған. Сағымбай Демежан (Әбдіразактың қызы) апамызben сөз байласып сол Шипекең үйіне келінғыш түсірді. Кейін құдалыққа Шипекең үйіне Бәйізбек әкемізде келіп еді. Той үстінде Рабиға деген көрші әйел Бәйізбек әкемізге өлең айт деп қолқалап болмады. Сонда әкеміз бір шумак өлеңді Рабиғаға қолма-қол шығарып, елді бір желліп тастағаны мәлім. Ол кісі қартайып өмірден өтті, Нұраталдыда жерленді.

Сағынбай ағамыз орта бойлы, аққұба келген, сәнді кісі болатын. Артық сөзі жоқ, мінезі жуас, ойын-қалжынды көтеретін, елге сыйлы азамат еді. Әскерден келгеннен кейін шофер болып жұмыс істеді. Науқастан ерте қайтыс болды.

салды. Үй салып біткенше бір жылдай бізбен тұрды. Біздің жас кезіміз болғандықтан, қай жақтан көшіп келгені ссімде қалмағты. Бәдәй бір жагы туыс, екіншіден шешемнің нағашысы. Өкемізбен замандастар, өскерте бірге алынғанын жазғанмын. Ұлы Отан соғысына қатысқан адам. Ағұл өкеміз ерте қайтыс болады да, Мұслима шешемізді Бодой жеңгелей алады. Ағұлдың балалары Луция, Женіс, Егінбай «Бәдәйдің» қолында тәрбисленеді, кейіндегі омірге Сайлауқұл, Қайыржан, Бақытқұл келеді. Кейіннің жылдары Нұраталдының Ақсу болімшесіне кошіп, баласы Қайыржанмен тұрды. Ақсуда тұрғанды қайтыс болды.

Женіс ағам ұзын бойлы, апаң келген, аққұба, бәдемді, сондай корікті кісі еді. Сымбатына сай озіде сонді киінетін. Киім киісінің өзі ажарып анып тұратын. Міңезі жуас, үлкендерді үлкендей, кішіп кішідей сыйлай білстін. Есімін Женіс ден Ұлы Отан соғысы біткен жылдары туган соң қойса керек. Соғыс біткенин кейін дүниеге келген нарестелерді көбінесе жақсы ырымға жорыш «Женіс» немесе «Аманкелді» деп қою сол кездे үрдіске айналғантынды. Осы жылдары туған Нұраталдылық Уалис Женіс, Төлеубаев Женіс бәрі бір сыныпта оқыды. Менің өкем сынып жетекшісі болса керек, оқеймен бірге түскен суреттері бар, ол суретте Женістерден басқа, Базылов Аманкелді, Хасенов Аманкелді, Тұрсанин Ақыжан (Ақыш), Абдрахманова Шолпан (есімде қалғандары) тағы басқалары бар. Женіс ағам Алматы политехникалық институтын кен инженері мамандығы бойынша бітіріп, Қарағанды облысының Абай қаласының бір шахтасында кен инженері болып біраз жылдар кызмет аткарды. Ауыр нақастан ерте қайтыс болды.

Егінбай ағам сондай бауырмал кісі еді. Аға болып бәрімізді баурына тарта білетін. Ұлға тұтар үлкеніміз-кеңес сұрап ақылшымыз болушы еді. Бала кезімізде бізге «ағалық қамқоры» үлкен әсер етті. Басқада мен

қатарлы туысқандардың балалары менің сөзімді расстайтын-құптастын шығар. Совет Армиясы қатарына барып келгеннен кейін, Нұраталды совхозында шофер, одан Аққияқ бөлімшесінде бригадир, кейінде біраз жылдар осы бөлімшени басқарды. Өмірінің соғы кезінде Нұраталдыда совхоз кассирі болды. Өмірден erte кетті.

### Жомарт (Бозайдың 2-баласы)

Жомарттан:	Олжабай, Қисық.
Олжабайдан:	Дүйсенбай.
Дүйсенбайдан:	Ақатай, Жұматай, Қасқатай.
Қисықтан:	Бейсенбі.
Бейсенбіден:	Мұхамедияр.
Мұхамедиярдан:	Толеу, Төлеген.
Төлеуден:	Сағдат, Бағдат.
Сағдаттан:	Абылай, Бауыржан.
Төлегеннен:	Канат, Сағат.

Ақатай әкемізді жас кезімде көрдім. Бірақ, анықташ, түстеп жаза алмаймын. Қателесшесем 1960 жылдардың басында Нұраталдыда Нәсілжан ағатайдың қолында болды. Өзінен бала болмаған. Көрліктен қайтыс болып, Нәсілжан ағашың қолынан жерленсе керек.

Жұматай әкеміздіде жас кезімде көрдім, еміс-еміс есімде қалыпты. Бір есімде қалғаны, біз Нұраталдыда тауастында тұрганда үйге келіп қалжындал «әй жинальындар, «біз Сіргеліміз» елге Бөген-Шаянға кетеміз» дегені есімде қалыпты. Менің айтып отырғаным 1960 жылдардың басы. Нұраталдыда қайтыс болды. Гүлшатай, деген жалғыз қызы тұрмыста болатын, әкесі қайтыс болғаннан кейін шешесінің қолына көшіп келді. Балмұқан жездемізден 5-6 сыныпта сабак оқыдық. Жездеміз анқау, анқылдаған ақкөініл кісі еді. Ешқандай адамға зияны жоқ, ойынды көтере білетін. Бәріміз «жезде» деп ойнайтынбыз. Бір реніш білдірмейтін. Сол мінезіне қарап елдің бәрі сыйлайтын.

**Төлеу ағамызды білесіздер.** Нұраталдының Ақсу бөлімшесінде тұрып жатқан жайы бар. Көп жылдар автобуста шофер болып, Ақсу бөлімшесінің балаларын Нұраталдыға тасып оқытты. Еңбеккорлығының арқасы болар, Ақсұдың оқушыларын бір күн сабактан қалдырмаған шығар. Кейінде зейнеткерлікке шықты. Менің ойымша өмірінде бірсүдің «ала жібін» аттамаған шығар, бұл кісіні білетіндер менімен келісср. Қазір бес уақыт намазын оқиды, молдалығы да бар. Білімі де, мәдениеттілігі де жетерлік. Бәрімізге үлгі боларлық, Ағамыздың ұзақ өміріне тілеулеспін.

### **Кеңесбай (Бозайдың 3-баласы)**

- Кеңесбайдан:      Кожатай.  
Кожатайдан:      Смайыл.  
Смайылдан:      Жексенбай.

(Ескерту: Кейбір әкелерімізден үрпақ болмагандықтан әрі қарай жазылмай отыр, немесе қыз балағана болған, сонымен қатар кейінгі баурларымныңда балалары толық жазылмай отыр шежіреде, оны кейінгі буын өздері жазып жалғастырапар).

\* \* \* \* \*

### **Төлеш (Бозайдың 4-баласы)**

- Төлештен:      Батыrbек, Қылышбек.  
Батыrbектен:      Секер (*менің нағашы шешем*).  
Қылышбектен:      Қали, Қекен, Әbdіқалық, Базыл,  
                          Әділ, Әшім, Қарім.  
Қалидан:      Сәден, Сәдубай, Әлім, Бәжебай.  
Әbdіқалықтан:      Әміржан, Әнеш, Арша, Аманжол.  
Базылдан:      Амангелді, Есенгелді.  
Амангелдіден:      Қайрат, Қанат, Дархан.  
Есенгелдіден:      Думан, Бауыржан, Еркебұлан.  
Сәденнен:      Саят, Самат, Сагат, Төлеген,  
                          Куат, Дулат.

Қали әкеміз мен білетін уақытта 1960 жылдардың басында Ақтөбеде тұрды. Менің нағашыларым мен көрші болатын. Ол кездегі шешеміз Рымбала. Ол кісіден Бәжебай, Майра туады. Қали әкемізде Рымбала шешемізде Ақтөбек жерленген. Бәжебай ағамың кейінде Нұраталдының Ақсу бөлімшесіне көшіп келді, көп жылдар сол Ақсуда еңбек етті. Майрада сол Ақсуда тұрмысқа шықты.

(Қали әкеміздің бірінші өйсі Мәмбала шешемізден Сәден, Сәдубай, Әлім, ал Рымбала шешемізден Бәжебай, Майра туады. Кейінде Мәмбала шешемізге Әбдіразақ әкеміз үйленеді де: Қапуза, Нұрбала, Дәмежан туады. Әбдіразақ әкеміз жұмысты болып, ақталып келгеннен кейін Мұраттың шешессіне үйленеді. Менің ұлксандерден естуім осылай).

Әбдіқалық әкемізде сол Ақтөбеде тұрды. Орта бойлы толықша келген кісі болатын. Ұлы Отан соғысна қатысып бір аяғынан жарапанып, соғыс бітерден аз уақыт ерте қайтынты. Еніп сылтып басатын. Ақтөбе бөлімшесінде қойма менгерушісі болды. Балалары: Әміржан, Әнеш аға ретінде, ал Арша, Аманжолмен балалық шағымызда бірге ойнап остик. Ертеде Ақтөбеде жаздың күні шөп шабатын уақытта, шөпшілерге деп Қара судың бойына мал соятын. Біз баламыз судың бойында суға түсіп ойнап жүреміз, соңда Әбекен айқайлап шакырып алып, бір кесек етті қойныма салып, «тез Секерге апарып бер» деуші еді. Мен жоғарыда жазғам, Секер менің нағашы шешем, Әбекенің немерे аласы. Сондағы аласын жалғызбын демесін деп, сыйлағаны, бүйрекінің бұрып тұрганы ғой. Жасы кішілердің бәрі «Тәте» дейтін. Арқада ер адамды «тәте», деп сирек айтады. Бұл кісіде Ақтөбек жерленді. Ақтөбенің сырт жағындағы бейттерге барсаныз жерленгеннің бәрі бір-бірімен туыстар.

Бәзіл әкеміз Алабұғада тұрды, ол кісі Ақтөбеке де, Нұраталдыға да жиі келіп жүретін. Негізгі туыстар осы

жерде тұрды. Құлағының мүкісі болыш ол кісі шығысқа бармай қалған. Біздің шешеміздің нағашысы той нешетүрлі қалжың айтатын.

Әділ әкемізді «сары агатай» дейтін. Орта бойлы толықша келген, мұртты, сары кісі болатын. Нұраталдының Ақсу бөлімшесінде тұрды. Нұраталдыға жиі келіп жүрестін. Ақсу бөлімшесінде көп жылдар сибек сті. Бір қыз баласы болатын, сол Ақсуга тұрмысқа шыққан. Майра екеуі немере ғой, барған жерлері тұған ағайынды Түсстай мен Үрзықбай. Сары агатай менімше сол Ақсудағы көп бейтте жерлеңді.

Сәден ағамыз орта бойлы, дембеліне келген, мұрны пүшшықтау, сары кісі болатын. Сондай ширак, шапшаң адам еді. Ақтөбеде, кейінде Нұраталдының «грпісінде» тұрды. Өмір бойы малшы болды. Менің әкешем аудан басында тұрғанда, шешем омірден өтерден алдында бір жылдай төсек тартып жамап аурумен ауырды. Сонда шешемнің көңлін сұрай келіп, жиені ғой, «Тышбаланың жанында болайын» дегі бір күн қоңғаны бар.

Сәдубай ағам орта бойлы толық кісі болатын. Менің естуімше ертеде жұмысты болыш он жылдай Балхашта болған екен. Біз 4-5 сыныпта оқып жүріп кезде 1964-1965 жылдар болса керек ақталып келді. Көп жылдар Нұраталды совхозының «автогаражында» бухгалтер болып істеді. Сондай аккөңіл бауырмал кісі болатын. Бәрімізді айналып-толғанып жүрестін.

Амангелді ағам өте ширак, білімді, біздің арқадағы сіргелілердің өз заманында бір бетке ұстар азаматы еді. Целиноград (Ақмола) ауыл шаруашылық институтының зоотехникалық бөлімін бітіргеннен кейін, Шет ауданында комсомол комитетінің бірінші хатшысы, кейінде аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды. Шет совхозында партия үйымының хатшысы қызметін атқарды. Кейінде өз мамандығы бойынша Шет совхозында бас зоотехник, одан аудан басына көшіп келіп «С.Орджоникидзе» атындағы

совхозда бас зоотехник болды. Жүрек ауруынан 49 (мүшел) жас шамасында қайтыс болды. Шежіремізді құрастыруға Қасым әкеміз, Төлеген ағамызбен бірге біраз үлес қосты. Біздің арқадағы ағайындардың 1994 жылы Сарыагашқа (Шымкент облысы) туысқандарды іздең барып табысуға көп ықпал етті.

### Шобан (Долбагайдың 2-баласы).

Шобаннан:	Құл, Тоғас, Аманжол, Аманбай, Тоганбай, Тұрлыбек, Кенжесбек.
Құлдан:	Жұндібай, Жұман.
Жұндібайдан:	Тұрсанана.
Тұрсанадан:	Рақымжан, Ақау, Ақыш(Ақыжан).
Рақымжаннан:	Рахым, Тілеуқабыл, Кәрімжан, Кәрім.
Ақаудан:	Фалымжан, Бейсен.
Ақыштан:	Жұмағали.

Тұрсанана әкеме тоқталатын болсам, менің есімімді Фабдыманап деп, қойған осы кісі ексинің жоғарыда жаздым. Мен ертеректе Тұсана және Нұрпейіс моллалар туралы «Менің Нұраталдым» кітабымда жазған сөздерімді қайталап жазғым келіш отыр. Келер үрпаққа білгендері артық болмас. Менің Тұрсанана әкем, Нұрпейіс досым әрі сыныптастымынц өкесі болғаннан емес, адамгершіліктеріне табынғандықтан. Бұл әсірелеп айтқан сезім емес. Бұл кіслер, Кенес үкіметінін бар дінді жоюға тырысқанда, бұқіл халықты дінсіздендіргенде, мешіт атаулыны жойып, бұқіл діни кітапты өртегендеге, үрпақтарының келешегіне шек қойғанда, өз сенімдерінен таймаған ауылымның арыстары. Бұл кіслерден кейін ауылда қайтыс болған адамға жаназа шығаратын діни сауатты адам болмай қалған уақыт та кездескен. Себебі олардың білімділігі, мәдениеттілігі, адалдығы ерекше еді-ау. Мен бұл кіслердің үрлығын, оғаш сез айтқанын, боктығын естіген емеспін, мен сияқты ешкімде естімеген шығар. Өңгімелерінің бәрі

тәрбислік, тағылымдық мағанада болатын, тіпті әр ұлағатты создерін ел үйіп тыңдайтын. Бұл кісілердің әр сезі, әр қымылы ашық түрде болмаса да бакылауда болды ғой. Шілде айларында қол щағымен шөп шауып жүріп, ораза ұстайтындарын айтсаңызыбы. Дегенмен, ел кеңес үкіметінен бір корықса, бұл кісілерден де қаймығатын, артық ештеңе айта алмайтын, себебі құдайдан қорқатын. Бұл кісілерге артық сез айтса, құдайға тіл тигіздім,- деп есептейтін. Бұның өзі, мениң ойымша, ол кісілердің дінге деген, құдайға деген сенімі, жауапкершілігі және халыққа үлгі болуы. Жет-піс жыл бойы өздері де, үрім бұтақтары да қанша қағажу көрді дессенізші. Кайролламен бала кезімізде ойнап жүргенде «моллапың баласы»,- деп кеміткенсіп айтатышдар болатын, әр жақ байыбына бармай, мүмкін баламыз, мениң Тұсана әкемнің балаларына да ойыны бар-ышыны бар, үлкені бар, кішісі бар айтылып жататын. Сол кемсітпек болғандар кейінде өздері үялатын шығар, мүмкін ақылдары кіріп «дін» жолдағына түскендеріде бар шығар. Кейбіреулері – бейіт тұсынан өтіп бара жатып қол жаюдыда ұмытты-ау. Мүмкін артық кінәлап та керегі жоқ шығар, заман солай болды ғой. Мен де мұғалімнің баласы болым, коммунист болым, бірақта болғанды мойындау парыз ғой. Мен тоқталып отырған екі адамның ғажайыптылығына таңқалам. Қалай десекте бір құдай бар ғой, екеуіде шөбере сүйді, құдай берген балалары, келіндері қартайған шағында қалай құтті, балалары, үрім бұтағы, халқы ақ жуып-арулап қойды. Ел басқармаса да, мен білетін балалары, немерелері, шөберелері мәдениетті, кішіпейіл, еңбеккор, адамгершілігі мол, сыйласымды, адамдар үлгі тұтатын үрпақ. Лайым солай болғай. Мәдениеттілік деген екі-үш жоғарғы білім дипломын қалтага салып алып, ақ көйлек киіп, галстук тағып, елді боктап, немесе өркөректеніп кеуде ұруда

емес. Адамның адамгершілігі, жаңының тазалығынан тұратын болар.

Ақау ағам орта бойлы, дембеліне келген қараторы кісі болатын. Қөп жылдар Нұраталдыда шофер-комбайнер болды. Ешқандай артық сөзі жоқ, жуас, бауырмал жан еді. Жақсының үрпагы ғой, озі әнді тамаша айтушы еді, ол кісі олсң айтқанда ел үйшіп тыңдайтын. Қазір неше түрлі әншілер көп қой, ал бұл кісіге берген дауыс, бір алланың берген дарыны болар. Өншілікті қуған адам емес, бірақ қуашылтарымызда, отырыстарда жиі айтупы еді. Діни білімі де терең. Ақау ағамның құран оқығандағы да дауысы ерекше еді. Иә, қайталан айтам, алланың берген бір дарыны болар, естіген адамның бойы еріп, бар дүниені ұмыттары хақ. Өкінішке орай, бұл кісі қайтыс болғанда, бұл ортада болмай тонырақ сала алмадым.

Рақымжан ағам мен Ақыш ағам бірі Нұраталдының «Қызылғой», бірі Нұраталдының оз басында немере-шөберслердің ортасында жайлы өмір сүріп жатқан жайлары бар. Екеуіде құрметті демалыста, еңбек ардагерлері, кезінде Үкіметтен алған марааттары, орден-медалдары жетерлік. Рақымжан ағамның діни біліміде жетерлік, бес уақыт намазын оқиды. Біздің ақылашымызда мақтанышымыз. Қадірлі ағаларыма ұзак өмір, денсаулық бер,- деп тілеймін.

Жұманнан:	Биім, Бертіс, Берлі.
Бертістен:	Нәүкен, Мұстафа.
Нәүкеннен:	Оспан.
Оспаннан:	Нұрлан, Нұркен, Еркебұлан, Азамат, Рахат.
Азаматтан:	Ондасын.
Еркебұланнынан:	Ислям.
Мұстафадан:	Рахмет.
Рахметтен:	Жанғазы, Темір.

Нәүкен әкемізді Нұраталдыда тұрған уақытта көрдім. Оспан ағамыз 1960 жылдардың басында мек-

тепке мұғалім болып келді. Кейінде әке-шешесін қолына көшіріп алды. Үлкендердің айтуынша: артық сөзі жоқ, момын, еңбеккөр, елге сыйлы кісі болатын. Бұл кісі Нұраталдыда түргапта 1973 жылы қайтыс болды.

Оспан ағам биыл жасы 85-ке келді, қазіргі ең үлкен ақсақалдарымыздың бірі. Ертеде біздің әкейденде оқыпты. Қарағандының пединститутының физика-математика факультетін үздік бітірген. Ұзақ жылдар, зейнеткес шыққанша Нұраталды орта мектебінің оку ісінің мегерушісі болды және физика-математика пәнненің дөріс берді. Мен бұл кісінің оқушысымын, мағаңда 7-10 сыныптарда математикадаң сабак берді. Ертеде Нұраталды орта мектебін бітіріп жогарғы окуорияна түсестіндер көп болды, сол оқуға түскендердің кобісі Оспан ағапы мақташ тұтатын, білгір ұстаз ретінде. Меніңдс бойында мақтаныш билейді, бұл кісіден дөріс алғаным. Қандай қадірлі адам екенін, Нұраталдының халқы тандауын жасап қойған. Оскең осы сибекті баспағы дайындал жатқанда омірден өтті.

Мұстафа әкеміз көп жылдар Нұраталды совхозының Шопа бөлімшесінде еңбек етті. Мен 1974 жылы Қарқаралы зооветтехникумында оқып жүріп Шопа болімшесіне үш айға жазғы практикаға барғаным бар еді, ол кезде Мұстафа әкеміз құрметті демалыста болатын. Үйлеріне жиі барып тұратынмын. Еңбеккөр адам еді, ылгый еңбек озаттар тақтасында суреті болатын. Үлкенгеде-кішігеде артық сөзі жоқ, момын адам еді, еліне сыйлы болатын.

Рахмет ағам 1951 жылғы менің ағам Қанатпен жасты еді. Мұстафа әкеміздің сағынып көрген жалғыз баласы, сондықтанда Раҳмет, деп қойған болар. Денелі, акқұба келген, анқалактаған ақ көңіл азамат болатын. Мектепке кеш берген болар Нұраталдыда 5-б сыныпты бірге оқыдық. Армияға барып келгеннен кейін, Шопа бөлімшесінде механизатор болып еңбек етті. Анығын білмедім, ауырган болар, 40 жас шамаларында қайтыс болды.

## Тогас (Шобанның 2-баласы)

Тоғастан: Бұлдыбек, Бәкеші, Шақай,  
Жантай.

Бұлдыбектен: Елеуken, Тойбек (Тайбек).

Елеуkenнен: Келгенбай.

Тойбектен: Күрішбай, Рысбай.

Келгенбай, Күрішбай, Рысбай – Ұлы Отан соғысына қатысып, елге қайтпаған, майданда қайтыс болған. Елеуkenнен қыздар: Мәжін, Үміт, Бижамал қалған. Мәженненең: Тишимағанбст (жиен), Үміттен: Төбөрік, Орынбасар (жиендер), Бижамалдан: Аманай (жиен).

Күрішбайдан: ұл жоқ, Төкіш, Зекіш (қыздары). Рысбайдан бала жоқ.

Тойбек қайтыс болғаннан кейін, Күрішбай мен Рысбайдың шешесін менің ұлқен әкем Жазыбай, яғни женгесін алғыпты, ол кісіден менің әкем Серік(Зекен) туады.

Төкіш иен Зекіш біздің аламыз, менің әкемнің қолында Нұраталдыда мектепте оқыған. Әкемнің бар жақын қарындастары. Өмір бойы біздерді бауырымдал өтті. Бар қызығымызды бірге бөлістік. Тойымыздың ажары сді, екеуі де әнді тамаша айтушы еді. Құдайберген жиендерімізben қатты сыйласамыз.



Солдан онға қарай: Зекіш, мен, Төкіш. Мен Зекіш апамның үйінде қонақтамын.

- Бәкештен:** Бауымбек, Кернейбек, Райымбек,  
Оразбек, Моразбек, Бұлқынбек,  
Асан, Үкен (Өкен), Тоқтабек.
- Кернейбектен:** Қойбағар.
- Қойбағардан:** Манап, Төлеутай, Ғабділәшім.
- Манаптан:** Жұмагелді, Елубай, Марат.
- Төлеутайдан:** Бораш, Ермекбай, Ергазы,  
Амангелді, Шалахан.

Қойбағар әкеміз туралы жоғарыда жазып кеттім.

**Райымбектен (Рай):** Нармамбет, Орман (қызы  
Кекенай)

Нармамбет әкеміз үзын бойлы, денелі, аксары кісі еді. Ақкоңіл, жомарт адам болатын. Ағайынның өліктірігіне барғанда жомарттық жасағ «Нармамбет» деген атымыз бар емесспе деп айтатын. Мен Шет ауданында қызметте болғанда, ол кісінің баласында болып өстім. Барлық қызығымызда төрімізде отратын. Құрман деген ағамыз ол кісіден тумасада тугандай болып еді. Әкемізді өмір бойы «папалап» өтті. Бізде ол кісіні ағамыз ретінде қатты құрметтеуші едік. Нармамбет әкеміз қартайып 1990 жылдары қайтыс болды. Ақ жуып арулап Ақсу – Аюлының басындағы көп бейтерге жерледік.

- Оразбектен:** Айтбай.
- Айтбайдан:** Әубәкір, Серік.
- Серіктен:** Жаңабай, Жаңалық, Оралбай.
- Жаңабайдан:** Ерқанат, Азамат.

Серік ағамыз орта бойлы, қонқақ мұрын, қараторы кісі болатын. Өте шайқор адам еді. Үлкендеріміз жоқтың жомартты деп отыратын, сондай жомарт адам болса керек. Үйімізге жиі келетін, менің әкем ең жакыны фой. Балалары біздің үйде жатып мектепте оқыды. Өзі кейінгі кезде «Жаңажүрт» деген жерде мал бақты. Ку тілді, қалжакbastығыда бар еді, өлендіде жақсы айтатын. Қан қысымынан болса керек, 1982-1983 жылдары 50 жас шамаларында қайтыс болды.

<b>Моразбектен:</b>	Елубай, Кәрім, Көшербай.
<b>Кәрімнен:</b>	Болат, Марат, Жанат, Боранбай, Сағат, Бақытнұр.
<b>Болаттан:</b>	Еркебұлан, Берік.
<b>Мараттан:</b>	Бейбіт, Темір.
<b>Жанаттан:</b>	Бекзат, Азамат.
<b>Боранбайдан:</b>	Әнеш, Әлібек.
<b>Сағаттан:</b>	Ермек, Серік, Берік.
<b>Бақытнұрдан</b> <b>(Бақанай):</b>	Мирас.

Кәрім ағам әкемнің ең жақын бауыры. Ұзын бойлы, арықша келген, аққұба кісі болатын. Ұзак жылдар аудан басында тұрды, «С. Орджоникидзе» атындағы совхоздың астық қоймасының менгерушісі қызметін атқарды. Бар қызығымыз, той-думанымыз осы кіслермен бірге болды. Кейбір сәттерде мениң әкем ұлken болып ұрысқанда, «Көкем» үрысты деп мениң шешеме, яғни жеңгесіне шағым айтатын, ал шешем ара түсіп, ылғи қорғап жүретін. Олда сыйластық шығар. Бір айта кететін жәй Әния шешеміз мениң шешем Тиышбадан бір жыл кейін 1997 жылы қайтыс болды, Кәрім ағам мениң әкем Серіктен(Зекен) бір жыл бұрын 2001 жылы зейнетке шыққаннан кейін жаман аурудан қайтыс болды. Ақсу-Аюлының басындағы көп бейтке жерленді. Нармамбет әкемнің бейтімен қатар. Көп бейт деп отырғаным Ақсу-Аюлының, Ақшатау-Балхаш жағына шығаберістегі бейттер.

Көшербай ағам ұзын бойлы, ашаң келген, ақсары кісі болатын. Өмірінің соңына дейін «С.Орджоникидзе» атындағы совхоздың Еңбекшіл бөлімшесінде тұрды. Аталған совхоздың жылқышысы болды. Бауырмал кісі еді. Мениң балаларым кішкене кезінде Еңбекшілге барыш қона-жатып қайтып жүретін. Бала деген, кім айналса соган тартылып тұрады емеспе. Кыз балалары бізді аға тұттып, сыйласып жүрген жайымыз бар. Қан қысымынанба, әлде жүректен бе, есімде жок, ерте қайтыс болды.

### **Шақай (Тогастың 3-баласы)**

**Шақайдан:**      Усен, Тұксентай.

### **Жантай (Тогастың 4-баласы)**

<b>Жантайдан:</b>	Жазыбай, Құсайын.
<b>Жазыбайдан:</b>	Серік (Зекен).
<b>Серіктен (Зекен):</b>	Қанат, Фабдыманап (Қабатай), Есенджол.
<b>Қанаттан:</b>	Сайран, Арайлан.
<b>Фабдыманаптан (Қабатай):</b>	Таңсоуле, Сапар.
<b>Есенджолдан:</b>	Айдархан.
<b>Сайраннан:</b>	Кемелден.
<b>Арайланнан:</b>	Ислам.
<b>Таңсөуледен:</b>	Алмас, Әлімжан.
<b>Сапардан:</b>	АЗАМАТ, Әзурен, Ернар.
<b>Айдарханнан:</b>	Мирас, Салаут.

**Мен өкеміз Серік (Зекен) туралы жоғарыда жаздым.**

### **Аманжол (Шобанның 3-баласы).**

**Аманжолдан:**      Малай, Сетік.

### **Аманбай (Шобанның 4-баласы).**

<b>Аманбайдан:</b>	Мұса, Исабай.
<b>Мұсадан:</b>	Байділда, Нұрділда, Алпысбай.
<b>Нұрділдәдан:</b>	Аяған.
<b>Алпысбайдан:</b>	Мергенбай.
<b>Аяғаннан:</b>	Берік, Төлеген, Сәбет.
<b>Мергенбайдан:</b>	Куат, Жанат, Мұрат.
<b>Куаттан:</b>	Жандос, Айдос.
<b>Жанаттан:</b>	Медетхан.

**Аяған ағамызды бір-екі рет көргенім бар, жас кезім болса керек, аса түстей алмадым.**

**Мергенбай ағам көп жылдар Шет ауданының «Путь к коммунизму» совхозында (Талды) шофер болып сібек етті. Ағамыздың қандай аяулы азамат екені мен жазбайақ білерсіздер. Қазіргі уақытта құрметті демалыста Қарағанды қаласының «Сұрыптау» станциясында балалары мен немерелерінің ортасында ғұмыр кешіп жатқан жайы бар.**

### **Тоганбай (Шобанның 5-баласы).**

**Тоганбайдан:** Ақылбек.

**Ақылбектен:** Жолдыбек.

**Жолдыбектен:** Бейсекей.

Бейсекей әкеміз үзын бойлы, денелі, қараторы кісі болатын. Өмірінің соңғы жылдары Нұраталдыда тұрды. Бейсекей әкемізде өз кіндігінен үл бала болмаған екен, Көрім ағаның Сагат деген ұлын жастайынан бурына салған. Сагатты ол кісі үйлендірді, немере сүйді. Сагатта ол кіслерді қартайған шағында аялап күтті, ақ жуып аруладап қойды.

### **Тұрлыбек (Шобанның 6-баласы).**

**Тұрлыбектен:** Сырымбет, Тұрымбет.

**Сырымбеттен:** Қасым.

**Қасымнан:** Шәпиманат (Шәкен),  
Төлеген (Төкен), Мейрам.

**Шәпиманат  
(Шәкеннен):** Айдаш.

**Төлегеннен  
(Төкен):** Мейірман, Бауыржан.

**Айдаштан:** Тоқтар.

Қасым әкем туралы жазатын болсам. Ол кісі Шет ауданының Шет совхозында, совхоз құрылған жылдан өмірінің сонына дейін тұрган. Шет ауданында қызмет істеп жүрген уақытымда Шет совхозына іздел барып сәлем беріп тұратынмын. Бізге айтып қалдырып кет-

кеп шежіреге, менде, өздерініз сияқты тән ризамын. Ол кісі туралы: «Ақын – Қасым Сырымбетұлының туғанына – 90жыл.» және «Ақын-Қасым Сырымбетұлының туғанына – 100 жыл» (Өшпейтін шырақ) кітаптарынан оқыған шығарсыздар. Дегенмен артық болмас, сол кітаптан алғынан кішкене үзіндіні жазып кстейін.

«Қасым Сырымбетұлы 1902 жылы 16 актанды Шет ауданы «С.Орджоникидзе» атындағы совхозға қарасты Қаракемер деген жерде дүниеге келген.

Қасымның әкесі Сырымбет арабша оқыған сауатты адам болған, баласын б жастан бастап өзі, ал кейінректе нағашысы Есембек тұратын көрші ауылдың молдасынан оқытады. Осылайша 11 жасқа дейін ауыл молдасынан оқыған Қасым өзінің зеректігімен хат танып, оқи бастайды. Кейінректе латынша және орыс алфавитінде жазылған шығармаларды оқып, менгерген адам.

Бұғанасы қатпай 14 жасында әкесінен айрылған Қасым өмірге қанығып оның тауқыметін котеріп, еңбекке ерте араласады.

1931 жылы аудан көлемінде бірінші болып «Нұраталды» совхозы құрылып, сол жылдың қазан айынан бастап Қасым Сырымбетұлы осы шаруашылықта өртүрлі жұмыс атқарады.

Жаппай колективтендіру кезіндегі жіберілген қателіктердің салдарынан 1932 жылдың мамыр айынан бастап ел ішінде аштық басталады. Малдан айрылған халық беті ауған жаққа көшіп, тоз-тоз болып қырылады.

Осы бір жойқын сұрапыл істі көзімен көріп жүрген Қасым өлеңіне арқау етеді. Сол кезде Қазақстанды билеп-төстеп түрған Голощекиннің теріс саясатына өзінің пікірін ашық айтады. 1932 жылдың қараша айында: «Келдің кенес, малмен егес» - деген өлеңін шығарады. Осы бір отты өлеңді ауыл адамдары ауыз-

дан ауызға таратып жібереді. Бұл өлеңді НКВД-ға сездірмей жасырын турде қолдан-қолға көшіріп алады. Бір күні көрші ауылдың үйінен осы өлеңнің көшірмесін табады да, Қасым Сырымбетұлын тұтқындаиды. Бұл 1935 жылы болатын, әуелі Қасымды Қарқаралы түрмесіне жабады.

Абақтыда жатқан ақын 1936 жылдың май айында баласынан келген хаттан жергілікті үкімет адамдaryның «Халық жауының» отбасы деп қысым көрсеткенін біледі. Қасым окрисполком төрағасы Асылбековке, округтік прокуратурага шағым жасап, олардың заңсыз адамгершілікке жат-теріс саясатына қарсылық ретінде аштық жариялады. Бұл азаматтық акт 14 тәулікке созылады. Осыны сезген Асылбеков пен аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы Бекболатовтар ағаттық жібергендерін мойындал, Ақын жанұясын қайта колхозға алғының материалдық көмек көрсетіледі, - деген хабарды алғанда ғана аштық тоқтатылады.

Тергеу іci 13 айға созылады да, 1936 жылдың 11 шілде күні, «Халық жауы» деген айып тағылып, 4 жылға Поляр шенберінен тысқары жатқан «Медвежья горы» деген лагерьге жөнелтіледі.

Мерзімді уақыттынан ерте өтеп Қасым Сырымбетұлы 1938 жылдың 20 қазанында елге қайтып орады.

Соғыс жылдарында еңбек армиясы қатарында болып Қызылжар қаласында ТЭЦ-1 үлкен маңызды құрылышты салуга қатысады.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары ауыл шаруашылығында малшы, зоотехник, бөдімше менгерушісі, тағыда басқа көптеген жұмыстар ғылыми-практикалық жобаларды жүргізумен атқарады. Ақын 1964 жылы құрметті зейнеткерлікке шығады. Демалысқа шықса да еңбектен қол үзбейді. Ол өзінің сыйқақ өлеңдерімен кемшиліктерді сыйнап отырады. Совхоздар арасында еткен ақындардың сайысына қатысады. Бірнеше дүркін женімпаз атанады.

Соғыс жылдарындағы еңбекі жоғары бағаланып «Тылдағы ерлігі үшін» медалыне, «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 30 жылдығы» және «40 жылдығы» медальда-рына ие болады.

Қасым Сырымбетұлы 1961 жылдың 30 қыркүйегінде жарық көрген Қазақ ССР Жоғарғы Соты Президиумының қаулысымсн негізсіз сотталып жана шеккен болып толық ақталып шықты.

Ақын Қасым 89 жасында Шет ауданына қарасты «Шет» совхозының «Үзірек» селосында дүние салды.

Артында екі ұлы, бір қызы, 10 немерс, 10 шебере қалды», - десін жазылады аталған кітаптарда.

Төлеген ағам барлық саналы гүмірында ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек стті. Ол тіршілік өміріне тыныштық орнаган кезінде шыгармашылық еңбекпен айналысып «Өзшеттің шырак», «Артынан айтып жүрер соз қалдырган» және «Өзгө смес, өзім айтам өз жайымды» атты үш кітапты кейінгі үриаққа жазып қалдырды.

Төлеген ағам туралы артық сиптеңде қоснай, тек «Өзгеге емес, өзім айтам өз жайымды» деген кітаптың «Өзім туралы» болімінен озінің жазғанынан үзінді келтірейін.

... «Өзім туралы. Тегіне тартпаган – текстіз, жеті атасын білмеген – жетесіз демекші, мен өзімді-өзім текті, жетелі жерден шықтым деп санаймын. Сөздерімнен қаралайымдылықтың нышанын таппасаңыз, кешірім сұраймын. Өзін-өзі «мен жаманмын» деп айтатын адамды көрдіңіз бе? Мен шыққан тауым биік болмаса да, мәңгі қоныс тепкен «төбемді» ешкімнің «зәңгір шынына» айырбастамаймын, себебі мен Батырлардан тараған, өркөніл үрпактың бірімін.

Менде намыс бар, не десен өзің біл, ешкімге қамыс болып иілмейтін кеуде бар. Оның несін жасырайын «бас кесілсе де, тіл кесілмек жоқ» деген қағида-ны берік ұстаған азаматтың бірімін. Біреулер бұл мінезімді ұнатса, енді біреулер сын айтады.

Мен скі жақты да қостаймын, себебі, басқалардан ерекшелесу мінезім болса, оны маған құдай берді. Алланың ісіне шек келтіруге бола ма?».

Міне біздің ағамыз ойнадай азамат болған. Ағамыз 1940 жылы 29 шілдеде Қарағанды облысы, Шет ауданының Шет совхозына қарасты Қармыс бөлімшесінің Тесіктас деген жерде дүниеге келіп, 2005 жылы өмірден өтті.

1965 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтын агроном-экономист мамандығы бойынша тәммемдаған.

Еңбек жолын туған аулында бастаған. Шет аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас агрономы, аудандық партия комитетінің ұйымдастыру белімінің нұсқаушысы, «Шет» совхозының бас агрономы және бас экономисі қызметтерін атқарған адам. 1990 жылдары Шет селолық округінің өкімі болды. Кітапта жазылғандай, ағамыздың сртенгс деген үмтүлісі, күнделікті өмірдегі қарашайымдылығы, қайрымдылығы, білімділігі, серлігі үлкен бідел мен құрметке ие етті.

\* \* \* \* \*

**Дорыс (Айбалталы Долбагай) пемере інісі Еспенбет.**

Еспенбеттен: Барлыбай, Қорлыбай.

Барлыбайдан: Байдүйсен.

Байдүйсеннен: Ахметжан (Сарыбала).

Ахметжаннан Рахман, Боранбай.

(Сарыбала):

Рахманнан: Саят, Мақсат, Марғұлан, Данияр.

Боранбайдан: Дархан, Нұркен.

Ахметжан (Сарыбала) әкемізді есбілген уақыттымнан білемін. Нұраталдыда тұрды. Орта бойлы, мұрт койған, сары кісі болатын. Ол кісінің нағыз атын осы жолдарды жазып отырғанда әкемнің қолжазбасынан

көрдім, азан шақырып қойған аты Ахметжан екенін. Баласы Боранбаймен бірге естік.

Рахман ағамыз әке-шешеден ерте қалғаннан кейін, мектепті бітірсімен үйленді. Артық сөзі жоқ, момын, ешкімге жамаңдық ойламайтын, нағыз еңбек адамы болатын. Нұраталдыда шофер болып еңбек етті. Ерте есейіп, ерте еңбекпен араласып, бауры Боранбайды да оқытыш, үйлесіндіріп, отау шыгарды. Жастайынан келін болып түсіп, шаңырагымызды шайқалтпай ұстап қалған Торгай жеңгемізге де ризамыз.

Корлыбайдан: Тоганбай.

Тоганбайдан: Қалжан.

Қалжаннан: Куаныш.

Куаныштан: Мереке, Сайран, Бауыржан.

Мерекеден: Тілек.

Бауыржаннан: Қайрат.

Қалжан әкемізде Куаныш ағамызда Нұраталдының Ақсу бөлімшесіндегі тұрды, сол болімпенде еңбек етті. Көп араласпағандықтан ба, әлде Қалжан әкемізді бала кезімде бір-екі рет көрдім бе, аса түстеп жазатындағы есімде қалмапты. Әйтеуір әке-шешеміз жақсы адамдар деп мақтап-мадақтап, құрметтеп отыратын. Бұл кісілер туралы, Еспенбет бабамыздың ұрлақтары туралы ақпаратты Әкемнің қол жазбасынан алғып жазып отырмын.

\* \* \* \*

## БАСТАУ

Мөлдір бұлагымыздың бастауы: Асыл әжелер, Ардақты аналар, Аяулы женгелер, Сүйген жар, сіздерсіз бұл түбір жазылмас еді, қанымыз бір апаларымыз, қарындастарымыз, ақ көгершіндеріміз (қыздарымыз) сіздерсіз өрісіміз кеңеймес еді. Бұл еңбекке әрқайсыныз туралы жазуға болар еді, бірақ жазбадым. Үлкен шешелеріміздің көбісінің есімдерін ұмытып қалдым, ата-женгелеріміздіңде есімі түгелдей түсе бермейді. Түгелдей жазбағаннан кейін, алалағандай болмайын, өкпеші болармын, көңілдерінізге қаяу салмайын деп ойладым. Әрқайсынызды ардақтап өтем, сыйлаймын, жаксы көрем және мақтан тұтам. Сіздерсіз жогарыда шежріде жазылған адамдар болмас еді. Мениң мақсатым түгел таратып жаза алмасам да, енболмаса есімдері келер ұрпаққа сақталын, жетсін деген мақсат. Өмірге келмек барда, өмірден өтпек бар. Кейінгі ұрпақ, ата-бабаларға «Дүға» оқыткан уақытта ата-бабалар мен бірге, өмірден өткен асыл әжелер мен, аяулы аналарына да арнайтынына да сенемін. Маган деген аяулы жандарым, «Өмір» деген шының биігінде өруақытта Сіздер тұрасыздар! «Баламның табанына кірген шөгір, мандайыма кірсін», - дейтін де аналар. Тағдырдың тәлекегі көп болады, сондай бір сәтте, анадан артық ешкім жок екенін *Сәкен Сейфуллин* былай жазады:

Ер жігіт күні бітіп өлгенінде,  
Сыз тесек қара жерге көмгенінде,  
Аяныш еш адамнан таба алмаймын,  
Ойға алып жақындарын тергенімде.

Аяныш емес ердің қара басы,  
Аяныш емес, деген «жан жолдасы»  
Дүниеде ең аяныш бір сол гана,  
Сорлы ана, сел бол аққан көзден жасы.

Ұмытар жақын деген достың бәрі.  
Ұмытар «сүйдім» деген «ғашық» жары.  
Дүниеде ұмытпайды сол бір гана  
Сорлы ана, - көкірек жарған, қайғы, зары!

\* \* \* \* \*

**Бір шумақ өлеңді өзім жаза кетейін:**

Сүйем сені, қайран слім!  
Сүйем сені, туган жерім!  
Сүйем сені, қайран туыс.  
Біткенше ақыргы демім!!!

\* \* \* \* \*


## МЕНИҢ ОТБАСЫМ

Мен 2015 жылы 14 қаңтарында бостандыққа шығып, от басыма, балаларым мен немерелеріме оралып, туған-туыстарыммен қауыштым. Күн түбінде ақиқат жеңерін кейін жазармын. Қазір аңсаған күнімді еске алып, ақын Жүсіп Қадыровтың (1937-1983 жылдары өмір сүрген) бір шумак өлеңі мен, бақытты шақтарымдағы суреттерімді жариялада отырмын.

«Жарқылдалап күлсем,  
Сене бер, Құлмеген жылдар есесі.  
Өлердей сүйсем мен егер,  
Сүймеген жылдар есесі».



Балаларым, келіндерім, күйеу балам және немерелерім. 2015ж. 14 қаңтар.



Балаларым, әр қайсысы өз от басымен. 2016ж. 5 қантар.



Немерелерім (оңнан солға қарай)  
Азамат, мен, Алмас 2015ж.



Өзіме тартқан немерем Әлімжан.  
2015ж. Шілде айы.



Наурыз досым.



Өз отбасымдағы бір сәт.



Приозерск қаласында қызметтегі бір кезіміз.

\* \* \* \* \*

Мен, біздің ұрпақтарымызға «Өшпейтін шырақ» кітабынан алғынған төмендегі қазақ әрпімен жазылған құран аяттарын жаттап Ата-бабаларының рухына дүға бағыштап отырады деген ниетпен жинаққа көшіріп жазып отырмын.

## ДҰҒА

Ауезе біллаһе мінашшайтанырражим  
Бісіміллаһеррахманыррахим.

1. Құлхуаллаһо ахад. Аллаһұссамаді, Лам халіді, уалам юладі, уалам Иакун лаһу құшуан ахад.
2. Лахаджаяһұм Расулон мін анно Сеһем ъазизон, ъалайіхі ма ъаніттүм харисон, ъалайұл білмүмінина Раупұррахим.
3. Пазкүрни азкүркүм уашкүрли Уала тақпұрун иа айнуһалла-зино аманнұстаину биссабрі, уасслат Імналлаһа маъассабірін.

Әр аяттан кейін:

Сұбхана Раббыка Раббыл ызыззати ъамма иасифун. Уасаламон ъалал мұрсалин. Уалахамдо ліл-лаһе Раббыл ъаламин, деген сөзден аяқталып отырады. Жоғарыдағы көрсетілген аяттардың біріншісін бірнеше рет қайталап, немесе барлығында қатарынан оқып, аяқтауга болады. Ү - біздің ҳәрпіне жақын дыбыс.

Араб шрифтінен аударған «Айтбай» мешітінің имамы Ідіріс Ақмұрзаев.

\* \* \* \* \*

**Шежірені білген адамға**  
**Қазақтың хандарының қай жылдары хан**  
**болғанын білген артық болмас.**

Жәнібек	1456-1477жж.
Керей	1477-1480жж.
Бұрындық	1480-1511жж.
Қасым	1511-1518 немесе 1523жж.
Тахир	1523-1533жж.
Бүйдаш	1533-1534жж.
Тоғым	1535-1537жж.
Хакк-назар	1538-1580жж.
Шығай	1580-1582жж.
Тәуекел	1582-1598жж.
Есім	1598-1628 немесе 1643жж.
Жәңгір	1643-1680жж.
Тәуке	1680-1717жж.
Болат	1717-1730жж.
Абульмамбет	1730-1771жж.
Абылай	1771-1781жж.
Үәли	1781-1821жж.
Ғұбайдолла	1821-1823жж.
Саржан сұлтан	...
Қасым сұлтан	...
Кенесары	1841-1847жж. (Қазақ хандығының соңғы ханы, Шыңғыс ханның 27 үрпағы).

Уәли хан өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей таstadtы және орта жүзде хандық билікті жойды.

Ресей билеушілерінің қазақ елінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетауда өз әскери бекіністерін салуы, Солтүстік, Шығыс Қазақстанда сұы мен жайлымы мол Ертіс, Есіл өзендерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-казак шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, жергілікті халыққа алым-салықтың өсуі ұлт азаттық қозғалысын тұтатты. Ресей империясының бұл саясатына алғашқыда Ғұбайдолла сұлтан қарсы шықса, кейін оны Саржан сұлтан басқарды.

Коқан хандығының сатқындығынан 1836 жылы олардың тікелей нұсқауымен Саржан сұлтан өлтірілді, 1840 жылы Қасым төре қаза тапты. Осы кезде тарих саханасына Қасым сұлтанның баһа-дүр батыр ұлдары, Саржан сұлтанның туған інілері Кенесары мен Наурызбай шығып, қалың қазақ елі Кенесарының сонынан ерді. Қазақ елі 1841 жылы Кенесарыны хан сайланды.

Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан Кенесары мен інісі Наурызбай дүшпандарының қолына түседі. Кенесары айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс өкімшілігіне жібереді. Князь Горчаков Кенесарының басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық береді.

\* \* \* \* \*

## БІЛГЕН ЖӨН

Пенде болғансоң жоғарыда айтқанымдай өмірге келмек бар, өмірден кетпек бар, осы жазып отырғанымызда келешек үрпағымыз үшін, деп бірнеше рет қайталап отырмын. Өмірге нәресте келсе қуанамыз, бар бақыттымыз сол балаларымызға тірелер. Ақ иық ақын Мұқағали Мақатаевтың «Өмірдастан» кітабындағы «Толғақ» толғауынан бір үзінді келтірсем бәріміздің ойымыздан шығар, - деп ойлаймын.

«Я, алла, көрдім бе, көрмедім бе?!  
Я тәнірім, бердің бе, бермедің бе ?!  
Шырылдаған үніңмен айналайын,  
Шыныменен өмірге келгенің бе?!

Қызым болсан, қырымда құралайын,  
Ұлым болсан, ұлы бір мұрадайын.  
Естисің бе есі жоқ, ей, дүние,  
Менен неге сүйінші сұрамайын?!

Қызым болса, қырмызы қызғалдағым,  
Ұлым болса, тұнекті бұзған жалын.  
Бақыттыңды осы бір ей, дүние,  
Қый маған, қырын қарап қызғанбағын!

\* \* \* \* \*

Ілияс Есенберлиннің «Көшпендейлер» тарихи трилогиясында Абылай ханның Бұхар жырауға айтқан бір сезін жаза кетейін:

« - Адамзатқа әрқашан куат беретін үміт деген ұлы күш бар. Ол ақылдың қанағаттандыратын қияға самғатады. Жігерінді қамсыз қайрай көк темірге салдыртады. Мен бұл дүниеден көп нәрседен үміттенген едім, жеткен жерім осы болды. – Абылай ауыр күрсінді де тағы үндемей қалды. Аздан кейін қайта

сөйлеп кетті. – Үмітсіз тек шайтан дейді қазақ. Жоқ, ол бекер екен. Ең үмітсіз – көктемі мен жазы өткен, терең тамырлары қайта жасармastaй бол семген кәрілік екен».

\* \* \* \* \*

Жерлесіміз жазушы Кәмел Жұністегінің «Құба белдер» трилогиясынан алынған Жидекенің (Жидебай) Абылай хан мен соңғы кездесуін жаза кетсем артық болmas.

.... Қызылтас, Көрпетай-Нұртай маңын мекен етіп, Арқаның сауырын жайлап Жидебай жатты. Хан орда-сынан анда-санда келетін хабардан басқа байланыс шамалы. Сөйтіп жүргенде атын зорықтырып, шабарманда да жетті.

- Тез жетсін, - депті. Хан науқас көрінеді.

Қос-қос атын жетектеп, атсоқты боп зорға жеткен. Хан мамық төсекте өні қашып, шалқасынан жатыр екен. Берген сәлеміне иегін ғана қаға алды. Иықтары салбырап, жерге үңілген жеті жарғы да, тәспиығын тартқан имамда осында. Бәрінде үн жоқ. Құбір-кубірден білгені ханның кіндігінен тәмен жан жоқ, онысы өрлең бара жатқандай. Тіл-аузын да қойышты.

Абылай жай ыңыранды. Бірдеме айтarma деп бетіне үнілген Жидебайға домбырамды әпер дегендей ым қақты. Сағымға сүр жебесін ілген, шешендігімен елді үйірген, талқыр – дана Абылай күйші де еді. Сонау Бұқар жырау замананда Абылай түс көріпті. Арыстанға қарғып мінген екен дейді, енді бір сәтте онысы жолбарыс, бір қараса қасқыр, бұ қалай дегенше онысы тұлқі бол, ақыры тышқанға айналып жүре беріпті. Түсінен шошыған хан Бұқарды алдырып, онаша жорытыпты. Дана жырау күреңіткен жүзін қабағы жауып, түйіліп отырып қалыпты. Сыңайы жорығысы келмейтін сияқты. Хан қайта сұрай берген соң:

*Ей, Абылай, Абылай,  
Сұрамасаң не етеді?  
Сұраган соң айтпасам,  
Кісілігім кетеді,*

- деп бастаған жоруын айтқан.

Адамның білер болашағы, білмегені жөн келешегі бар екен. Еттім деген еңбегін құмга сіңген судай жоғалар болса, өмірің өксіді деген емесспе. Арыстан жауды жапырған озін, жолбарыстай жұлқынған немерен болар, кейінгісі қасқыр-тұлқі, соны қазақ баласы өзінен басқаптың бәрінен қорқатын тышқандай болар деп көрі жырау сылқ етіп жата кеткен.

Тұнімен түсінен түршігіп отырған Абылай домбыраға қол созып, бір шерменде күйді шегін үзе шерткен еді. Абылайдың «Дүниес ғапыл», біреулер айтқандай «Дүние қалды» атты күйі осылай туған.

Басын сәл көтеріп, домбыраны шертькен Абылайдың салалы саусақтары сағаққа зорға жүргендей. Белгісіз күй, беймәлім мұнды, жетпеген арманды көкsep, ауық-ауық өксиді. Шым-шымдаپ жүрегіне сіңген саз жан-жүйкенді билеп, егіліп, өз соңынан ертіп өкеткен. Күй сөйлей бастағандай.

Төсектегі ханның екі көзі Жидебайда. Мұндай тесіле қарағанын бұрын-сонды көрген емес.

- Сен үк! Сен де домбырашысың. Тілім келменін қоң шектің беубеуі -мен жеткіздім. Ендігісі сенің мойнында.

Қайта-қайта екі-үш айналып тартып, хан күрсінгендей ыңырсып, домбыраны тастай берген. Екі көзі Жидебайда. Төсектен сырғып бара жатқан домбыраны ұстал Жидебай отырып қалды.

- Хан не деді? – деп сұрасты айнала.

Жидебай құлағында ызың қағып, көкірегінде күмбірлеп түрған әуенді жай шерте бастаған. Өріберіден соң ханның жана күйін сылқылдатып тарта жөнелді. Екі қайырып тартып, домбыраны сүйеген еді, хан көзін жұмып жатыр екен.

- Әй, айтсаншы, хан не деді?

Жидебайдың жүзі күренітіп кетті. Абылайдың соңғы арманы тебірентіп, жүрегі езілгендей. Иегі кемсек етті.

- Хан «Айналаң торыған жау, қыспакта қалдың ау, халқым. Қайтіпте те аман қаласың? Тұған жерді тастап, қаны бірге түрікті пана етесін бе? Атамекен, тұған жер, ата-баба әруағы онда саған лағнат айтпас па. Қайран елім, шаңырағынды көтерсем де, іргендең түрілместей бекітіп, жау алмас қорған жасауға қысқа ғұмырым жетпей кетіп барамын» - деп жатыр.

Отырғандар іштей өксіді. Байқатпаған болып, сулы көздерін сұрткен, теріс айналып жөткірінсіген. Тәспиығын тартып, күбір-күбір дұға оқыған имамның аппак сақалына күміс жасы домалап түсіп жатты. Хан да қайтпас сапарға аттанып, мәнгі үйқысына кетіпті.

Аза тұтқан ел Абылайдың мұрдесін ақ жуып, арулал Әзірет сұлтанға, қазак слінің көне астанасы, түркі жұрттарының қадір тұтқан жері Түркістанға өкеп жерлеген. Жидебайдың өкесі Қожаназардың да сүйегі осында еді. Өкесінің басына дұға оқытып, ендігі тірліктің бетін ойлаған Жидебай іздегенін таппаған-дай, барын жоғалтқандай. Қармана берді. Көңілі алан болп, өлденеше күн Түркістанда жүріп алған. Қалмақ соғысы біткен сияқты, терістіктен орыс патшасы орап бара жатыр. Енді елдің күні не болады, деген уайым көнілге кірген.

\* \* \* \* \*

Ш. Уалихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» атты мақаласында: «Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық санайсыз? деп Абылайдан сұрағанда ол «Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар токсан туысын тұтқыннан күт-қарған Каракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Ұак Деріпсалы» деп жауап беріпті.

Қазақта «Батыр деген – барақ ит, екі долы қатынның бірі табады. Би деген – бір бұлак, қатынның ілуде бірі табады» деген ұлы сөз бар. Халқымыз билерін қадірлей білген.

Қаз дауысты Қазыбек би жайында мынадай тарихи деректер бар: Абылай ханның бірінші ақылшысы

**Бұқар жырау:**

Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгөнбай,  
Қаз дауысты Қазыбек  
Шақшақұлы Жәнібек  
Ормандай көп Орта жүз  
Содан шыққан төрт тірек.

**Немесе:**

Шақшақұлы Жәнібек  
Қаз дауысты Қазыбек  
Бірің балға, бірің тәс,  
Бірің айт та, бірің шеш, - десе.

**Үмбетей жырау:**

Қашпаған қандай үрыстап,  
Керіде батыр Жәнібек,  
Қаз дауысты Қазыбек,  
Ку дауысты Құттыбай,  
Қаракерей Қабанбай,  
Қанжығалы Бөгөнбай,  
Абылай, сенің тұсында,  
Сол бесеуі болыпты-ай! – дейді.

**Ал, Мәшінүр Жұсіп:**

Қазыбек, Өйтекедей көсем өткен,  
Әлдибек, Айтбай, Майлы  
шешен өткен.

Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидін,  
Әйтеке, қаз дауысты Қазыбектен.  
Казақтың қамын ойлап,

Қанын жоқтар,  
Келіпті Қаз дауысты ер Қазыбек.  
(К. Жұмаділов, «Дарбоз» романынан).

\* \* \* \* \*

Қазақтың XIX-XX ғасырдағы тайхи аңыздарынан алғынған Балтабай Адамбаевтың «Досбол мен Балаби» туралы мақаласынан, Досбол шешен туралы бірер сөзді жаза кетейін:

... Балаби мен Досбол қатар атқа мінгеннен бастап бірге жүріп, бірге тұрыпты, өле-өлгенише бір-бірімен тату болыпты; ел арасында да бірлікті, ынтымақты сүйіпті.

Шашты қыпшақтың датқалары Әжібай мен Торғай баққундес болыш бірін-бірі сырттай жамандай беріпті. Сонда Әжібай мен Торғайды, Досбол былай деп табыстырған екен:

Ақ тонынды жамандап,  
Мақпалды қайдан табарсың?  
Алғанынды жамандап,  
Асқанды қайдан табарсың?  
Бірінді-бірің жамандап,  
Мақтанды қайдан табарсың?  
Жақынынды жамандап,  
Жақсыны қайдан табарсың?  
Араздассаң жақынмен,  
Жатқа олжа боларсың.  
Адал болсаң жұртыңа,  
Ағалыққа жаарсың...

Осындай мәмлекерлігімен, шешендігімен Досболдың атақ-абыройы Сыр қазағына да, қыр қазағына да кеңінен мәлім болған. Қайда шиеленіскең қасаң дау болса, ел Досболды сонда шақырып төріне отырғызып төрелік – қалыстық сөзін тындаған. Жанқожа батырдың шақыруымен Досбол төменгі елге барып әйел үшін араздасып, арызdasып жүрген бір-екі ағайынды адамдарды былай деп татуластырылты:

Наз бедеу мен қазанат  
Шабына тұртсөң , теппейді.  
Нәсілі жақсы азамат  
Шамдаңдырсаң сөкпейді.  
Негізі жаман арам ниет  
«Сен» дегенді кектейді.  
Іс түскенде басыңа,  
Тұмаң қалар қасында,  
Тұбі бірге тұғбейді,  
Туысқа ешкім жетпейді...

## ТҮЙІН

Өулі бастан жаза бастаганда, ескертіп едім, мен қаламы ысылған жазушы емеспін. Мақтау-мадақтау алайын деген, немесе табыс көзі қылайын деген ойым жоқ. Іштегі маза бермей жүрген ой, ол ұшқан ұям, алтын бесігім туралы шамам келгенше кейінгі үрпағыма жазып кетсем, ер жігіттің үш жұртының бірі «нагашы жұрт», сондықтанда асыл анамның туыстарынан да хабарлар болуы және қайран туыстарым туралы кейінгі қандастарыма білгенімді жеткізу. Бұгінгі күніміз, ертеңгі күннің тарихы. Қамшының сабындай қысқа ғұмырымыз өте шығар, сонда «артыма не қалдырдым»? - деген ойға келерміз. Ен, болмаса өміріміздің ұлғі болар бір сәттерін айтып кетсек. Менде биыл 63 жасқа келдім, ес білгеннен бергі білетін, есімде қалған әке-агаларымның бір жол болсада кейінгі үрпактарымызға жазу еді. Біреулер ойлар «бәрін мақтай беріпті, бір жаманы жоқ», - деп. Иә, мен тек жақсы жағын жазам. Адам болған соң қателіксіз болмайды, сүрінбейтін түқ болмас, ондай кемшілікті теріп жазудың қажеті не? Жәнеде жамандап біреуге баға беретін, үрпағына қаяу салатын құқым жоқ шығар. Адамдық қасиет, жамандығын өзінде қалыптырып, жақсылығын, келесі үрпакқа жеткізу. Қазакта мақал бар: Болатын ауылдың баласы бірін-бірі «батыр» - дейді, Өшетін ауылдың баласы бірін-бірі «қатын»-дейді. Біз Ұлы жұз, «батырдың» үрпағы емеспіз бе?! Біз Қасым өкеміздің, Төлеген ағамыздың жазып кеткен шежірелерін жұз рет қайталап, толықтырып отырсақ, одан келер үрпағымызға артықшылығы болмас. Қайта асқар тауларымызды биіктете берерміз.

Өміріміздің бастауы, асылы: ананың ақ сүті, ыстық махаббаты, аналық ықыласы, аналық жүрегі мен ыстық демі. Ана махаббатына жер бетінде теңеу таба алмаспсыз. Тек өмір бойы қадірлеп өту борышымыз.

Тағы бір жәй, естелігімнің соңына қарай, Дұғаны, Хандар тізімін және Абылай хан, Бұхар жырау, Жиเดбай батыр, Қаз дауысты Қазыбек би, Шоқан, Досбол мен Бала би, Мұқағалилардың бірер ауыз сөзін, немесе бірер шумақ өлеңін жазсам, кейінгі үрпак, аруақтарға бағыштап «Дұға» оқи жүрсін, халқымыздың хандарын білсін, кейінгі үрпағымыздың мен атаған ғұламалардай: хан, жырау, батыр, би, ғалым, шешен, ақ иық ақындар болса, деген тілегім және «өмір» деген теңізде кездесетін толқындарға төтеп беретін күш.

«Су түбінде жатқан тас,  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сез,  
Шер толқытса шығады»,  
- дегендей, бірәз шер тарқатқандаймын.

Естелігімнің соңын, жоғарыда шежіреде көрсे тілгендей Ұлы жұз - Бақтиярдан ағайынды: Үйсін, Ойсын (біздер) тараймыз, ендеше ақ иық ақын *Мұқағали Мақатаевтың* өлеңімен аяқтайын.

### «Екі інімнің наизасының ұшымының»

Мен – Үйсінмін,  
Қауға берсең, қауға бер,  
Қан ағызып, үйренгем жоқ жаулап ел,  
Дауы да жоқ, жауы да жоқ, тып-тыныш.  
Бауырларым, біздің асқар тауға кел.

Мен – Үйсінмін,  
Мал бақ десен, мал бағам,  
Еш жамандық көргенім жоқ қауғадан.  
Мен – Үйсінмін,  
Ұлы жұзбін, ұлымын,  
Ұлымын деп, ұлыққа да бармағам.

Ортадан да, Кішіден де кішімін,  
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.  
Ел басына екі талай күн туса,  
Екі інімнің наизасының ұшымын.

Мен – Үйсінмін,  
Ұлы десен ұлымын,  
Кісліктің, қішліктің құлымын.  
Бөлінбекен еншім даяр, екі інім,  
Желпілдегіп, жетіп келсе тұлымын...

\* \* \* \* \*

Жазылған еңбегімді оқып отырып кейбір адамдар кемшілік іздең сын айтар, бірақ, қасқырдан қорықсан өрманға барма, - деген. Сын айтады екен, - деп көкейіндегі ойды айта алмасаң олда «ездіктің» бір түрі болар.

Жиырма тоғыз жасында өмірден ерте өткен, қазақтың жалындаған акын қызы Шолпан Иманбаеваның тілімен айтқанда:

Ей, өмір!  
Мен, саған ез болуга келмегем.  
Кияларға қанатымды сермегем.  
Сен, көтермеген әлсіздікті,  
Мен, өз қолымнан жерлегем!

Қалай десекте, тіршілікте бар жақсылығымыз сіздермен қайран туыс.

\* \* \* \* \*

Манаш Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап» кітапынан Сырым Датұлы туралы:

... Еріккен хан бірде отырып: « осы дүниеде не өлмейді? Айтпасандар бастарынды аламын! » - депті. Халық ойланып, толғаныш: «Дүниеде күн өлмейді, ай

өлмейді, жер өлмейді, және асқар тау өлмейді» - десе керек. Соңда Сырым тұрып:

- Осының бәрі өледі,  
Ай мен күннің өлгені  
Иіліп барыш батқаны,  
Қара жердің өлгені,  
Алты ай қар астында жатқаны,  
Асқар таудың өлгені,  
Басынан бұлттың асқаны,  
Өлмейтін екі нәрсе бар:  
Жақсының аты өлмейді,  
Жазған хаты өлмейді

- деп жауап берген екен.

\* \* \* \* \*

### Жанқұтты шешеннің қартайған шағында айтқандары.

Жаман болса – жақын жау,  
Шайпау болса – қатын жау,  
Шабан болса – атың жау,  
Тартыншақ болса – түйең жау,  
Тебеген болса – биен жау,  
Күнде келсе – күйеу жау,  
Жымыскы болса – жиен жау,  
Тіл алмаса – ұлың жау,  
Арсыз болса – қызың жау.

Әйелің жақсы болса, қонағың мен үйіндің тұрағы, балаң жақсы болса, екі көздің шырагы, атың шабан болса, бұл жалғанның азабы, әйелің жаман болса, дүниенің дозагы, балаң жаман болса, көрінгеннің мазагы.

\* \* \* \* \*

Ел қонбаса , жер жетім,  
Құс қонбаса, көл жетім,  
Кемпірі жоқ шал жетім,  
Иесі жоқ мал жетім,  
Соқыр болса , көз жетім,  
Тыңдамаған сөз жетім,  
Доссыз қалса, ер жетім,  
Жау қолында ел жетім,  
Жапырақсыз бұтақ жетім,  
Оқылмаса кітап жетім,  
Тыңдаушысыз дана жетім,  
Ата-анасыз бала жетім,  
Қағазсыз қалам жетім,  
Ақылсыз адам жетім

– деген екен.

\* \* \* \* \*

1934 жылдың ақырған ақпанында туған,  
Кіндігін Кекшениң киелі суымен жуган,  
Жастайынан жазушы болуға белін бекем буган,  
Жігіт шағынан сегіз қырлы Серіліктің де жолын қуған

Сәкен сері(Сәкен Жұнісов)былай дейді:

«Адамның жеке басының бақыты – он екі мүшесінің саулығы, бақытсыздығы – сол он екі мүшесін орынды пайдалана алмауы.

Ел бақыты – ұлттының амандығы.  
Ұлт бақыты – тілі мен жерінің амандығы.  
Ұлт азса – елдің бақытсыздығы.  
Тілі мен жері азса – ұлттың бақытсыздығы.  
Бақытқа жету – мақсатқа жету.  
Мақсатқа жету – арманға жету».

\* \* \* \* \*

\* \* \* \*

Хасен – Қасым қос ақын,  
Бірі нағашым – бірі әкем.  
Болмаған құры жаяу,  
Серіктө менің оз әкем.

Қасымнаи қалды шежіре,  
Арқадағы бар Сіргеліге.  
Заман қысты қос ақынды,  
Кісендеп бойдагы дарынды.

Хасен – Қасым – Серік,  
Менің туым сіздерге берік.  
Қайда жүрсем мақтанышым,  
Сіздер менің арысым.

Тұскенде сіздер есіме,  
Ұран қылыш, шалқыш кетем.  
Атадан балаға болсын ден Мирас,  
Кейінгі ұрпаққа жатын келем.

12.03.2015 ж.

## МАЗМҰНЫ

Автордан.....	4
Алғы сөз .....	6
Фабекенде .....	12
Алтын бесік .....	14
Өке естеліктері.....	38
Нагашылар .....	54
Тұбір.....	71
Бастау .....	116
Менің отбасым.....	118
Дұға.....	124
Қазақ хандары.....	125
Білген жөн .....	127
Түйін .....	134

Жазыбаев Фабдыманап Серікұлы

## TYFIP

*Олмес мұра*

Компьютерде беттеген Бангерт Е.М.

---

Басуға қол қойылды 27.05.2016 ж. Пішімі 60x84 1/16.  
Қағаз оффсеттік. Көлемі 8,75 б.т. Тарапым 30. Тапсырыс № 808.

«Арқа және К» ЖШС  
100008, Қарағанды қ., Лободы көшесі, 40

